



Бекітілді
№10 «Құлыншак» бөбекжай- бақшасы
менгерушісі Р.Ұ.Бағытова
№1 педагогикалық кеңесте
08.09.2021жыл.

Ересектер «Ақбота» тобының 2021-2022 оқу жылына
арналған жылдық перспективалық жоспары

Өтпелі тақырып: «Балабақша.Менің отбасым»

Қыркүйек айы, 2021 жыл

Мақсаты: Балалардың өзі туралы және өз отбасылары, олардың мейірімділігі мен жанашырлығы туралы әңгімелеуге талпындыру. Балалардың отбасына және туған үйіне деген махаббат сезімін тудыру. Өздеріне қоршаған ортадағы адамдармен, туыстармен жақсы қарым- қатынаста болу әрекеттерін жетілдіру.

Міндеті: Балалардың ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту, олардың өтініштерін орындай алуларын жетілдіру. Танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жандандыру.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» - 2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	«Таным» - 2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық» - 3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5 Музыка-1,5	«Әлеумет» - 0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	Мен және менің тобым	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Міне, менің тобым осындай!» Мақсаты: Балалардың балабақша, өз топтары туралы түсініктерін молайту. Саптізбекте өзінің орнын таба білуге үйрету. Қос аяқпен бірдей секіруге, еденнен екпінмен итеріле білуін бекіту. Көлемі кішірейтілген тіреуіш бойымен жүруге жаттықтыру. Қ/о: «Кім көбірек лента жинайды?» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз көңілді балалармыз!» Мақсаты: Балалардың көңіл күйлерін көтеру. Бір-бірден сапқа тұру,сапқа тұруда қимыл дербестігін бекіту, кеңістікті бағдарлауды дамыту. Бір орында қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Қ/о: «Көңілді балақайлар» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді бірге жүру» Мақсаты: Саптізбекте өзінің орнын таба білуге үйрете отырып, нұсқаушының белгісі бойынша сапта жүру кезінде бағытты өзгерте білуін бекіту. Бір орында қос аяқпен секіруді дамыту. Ойынға белсенділікпен қатуға ынталандыру. Қ/о: «Сыйлықтар»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ойыншықтар дүкені» Мақсаты: Балалардың сөзді анық айтып, дұрыс сөйлей білуге баулу, сөздік қорларын дамыту, ойыншықтардың атын, түсін және қандай заттан жасалғанын түсіндіріп, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Біздің балабақшада» Мақсаты: Балаларды балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту, ұжымдық қарым – қатынас дағдыларын дамыту, құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Балабақша - қуаныш үйі» Мақсаты: Санды дұрыс санауға, тура кері санауға үйрету. Тез баяу түсініктері туралы білімдерін пысықтау, таныс заттарды көлеміне қарай салыстыру, және сол белгілеріне қарай біріктіру, үшбұрыш туралы білімдерін бекіту. Құрастыру Тақырыбы: «Біздің балабақшаның ауласы» Мақсаты: Балаларды балабақша туралы білімдерін кеңейту, есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып, құрылыс материалдарын ажырата білуге үйрету. Балабақша ауласындағы құралдарды құрылыс материалдарынан жасай алуға үйрету, ауладағы құралдарды құрастыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, өздері ойнайтын құрал – жабдықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Терезе алдындағы бақша» Мақсаты: Өсімдіктерді бөлме жағдайында өсіру туралы түсініктерін жүйелеу. Қарапайым дербес тәжірбие іс – әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Бақылау үдерісінде экологиялық ой – пайымдауларын тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Фикс гүлінің суретін салу» Мақсаты: Балаларға топ ішіндегі табиғат бұрышындағы бөлме гүлдерімен таныстыра отырып, олардың суретін салуға үйрету. Фикс өсімдігімен таныстыру.Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Түрлі-түсті доптар» Мақсаты: Отбасы және балабақша өзінің тобы туралы білімдерін кеңейтуді жалғастыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру, дөңгелек затты-доптың суретін түрлі-түсті қағаздан қиып, аппликация жасаймыз. Шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялдарын дамыту. Байқағыштығымен көз мөлшерін, қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Біз бақытты баламыз» Е.Хасанғалиев, Қайрат Жұмағалиев Мақсаты: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауды, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Полька» биі	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Өзім туралы білгім келеді» Мақсаты: Өзі және өзінің жағдайы, көңіл күйі туралы түсініктерін кеңейту. Өздерінің дене мүшелерінің кейбір қызметтерін (бас, құлақ, ауыз, тіл, тіс, қол, аяқ) түсінуге үйрету. Өзіне деген сенімділігін нығайтып, құрметі мен дербестігін дамытуға мүмкіндік туғызу.

1. Дене шынықтыру**Тақырыбы:** «Сыңарынды тап»**Мақсаты:** Балаларға әр адам өзінше бір тұлға екенін түсіндіру. Әр адамның құқығы болатыны жөнінде мағлұмат беру. Аяқтары бірге, бөлек қойып секіруді орындауға үйрету. Ырғақпен адымдап, педагогтің белгі беруі бойынша сапта жүру бағытын, ауыстыра білуді бекіту. Бір-бірімен соғылысып қалмай, түрлі бағытқа еңбектеуге жаттықтыру.**Қю:** «Өз сыңарынды тап»**2. Дене шынықтыру****Тақырыбы:** «Біз көңілді балалар»**Мақсаты:** Өкшесіне отырудың бастапқы қалпында бір-біріне доптың қозғалу бағытын сақтап, доп домалатуды үйрету. Тізесін сәл бүгіп, аяқтарын секірген күйде бірге және алшақ қоя білуді бекіту. Зал бойынша түрлі бағытта жүруге жаттығу. Заттарды сол және оң жақтан айналып өте білуін жетілдіру.**Қю:** «Біз көңілді балалар»**3. Дене шынықтыру****Тақырыбы:** «Біз мықтымыз»**Мақсаты:** Ырғақпен адымдап, педагогтің белгі беруі бойынша сапта жүру бағытын, ауыстыра білуді бекіту. Бір-бірімен соғылысып қалмай, түрлі бағытқа еңбектеуге жаттықтыру. Зал бойынша түрлі бағытта жүруге жаттығу. Заттарды сол және оң жақтан айналып өте білуін жетілдіру.**Қю:** «Алыптар мен құтандар»**Сөйлеуді дамыту****Тақырыбы:** «Әңгімеле»**Мақсаты:** Отбасы туралы әңгіме құрастыруға үйрету. Өз отбасы жайлы әңгімеле барысында сөздік қорларын толықтыру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Балаларды үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. «Менің жанұям» атты саусақ жаттығуын жасау.**Орыс тілі****Тема:** «Моя семья»**Цель:** Учить называть членов семьи, использовать обобщающее слово, образовывать множественное число существительных в именительном и родительном падежах, использовать притяжательные прилагательные. Обучать умению рассказывать о себе (фамилия, имя, возраст, место проживания). Развивать словесно-логическое мышление, объем памяти и устойчивость внимания. Воспитывать уважение к старшим и заботливое отношение к членам семьи.**Көркем әдебиет****Тақырыбы:** «Атасының ақылы» әңгімесі**Авторы:** С.Сейтенов**Мақсаты:** Әңгімені тыңдату, үлкен адамның айтқан нақыл сөздеріне көңіл бөлдіру. Қазақтың мақал – мәтелдеріндегі ұлағатты сөздер арқылы тәрбиелеу.**Математика негіздері****Тақырыбы:** «Туысқандар»**Мақсаты:** санды реттік, сандық санауды және оны айыра алу дағдысын қалыптастыру. Қанша? Нешінші? сұрақтарына дұрыс жауап беріп, қағаз бетіне бағдарлауға үйрету. Заттарды ұзындығына сәйкестендіруге, ұзын қысқа ұғымын қалыптастыру**Жаратылыстану****Тақырыбы:** «Біздер тату тәтті отбасымыз»**Мақсаты:** Балаларды өзінің отбасы жақсы көретін адамдары олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы әңгімелеуге ынталандыру. Отбасы туралы айтқандарын тыңдап олардың ата-аналарының қамқорлық жасайтыны туралы білу, түсіну.**Сурет салу****Тақырыбы:** «Менің келбетім»**Мақсаты:** Балаларға өздері туралы, өздерін тануға тәрбиелеу. Ұл мен қыздың айырмашылықтарын салыстыра отырып, өздерінің келбеттерін, сызба түрінде адамның дене бітімін салуды үйрету. Балаларды еңбекқорлыққа, тазалыққа, әдептілікке дағдыландыру.**Мүсіндеу****Тақырыбы:** «Отбасыма арналған дәм»**Мақсаты:** Балаларға отбасы, жақын адамдары, өзі туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету. Отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу. Отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасты ермексазбен мүсіндеп көрсете білу.**1. Музыка****Тақырыбы:****«Мен өнерлі баламын»****(М. Омаров)****Мақсаты:** Орындалған әндерді тыңдауға, есте сақтауға, әнді сергек, ширақ, әндете, айтуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қазақ бии»**2. Музыка****Тақырыбы:****«Мен өнерлі баламын»****(М. Омаров)****Мақсаты:** Ән-күйлерді тыңдату, есте сақтауға, әнді сергек, ширақ, әндете айтуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қазақ бии»

III апта	Отбасылық дәстүр	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз тату отбасымыз» Мақсаты: Балаларға отбасы туралы тереңірек түсінік беру. Қимылының бағытын сақтап, 6 метр арақашықтықта төрттағандап еңбектеуге үйрену. Бір-біріне доп домалату ,арақашықтыққа сәйкес доптың итерілу күшін дамыта білуін бекіту. Қ\о: «Татулы жарыстар» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Әкем, шешем және мен» Мақсаты: Балалардың отбасылық дәстүрлер туралы түсініктерін молайту. Тура салыған жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету. Қолмен аяққы сүйеніп төрттағандап еңбектеуде қол мен аятың қимылдарын үйлестіре білуін бекіту. Аяғын бірге, аяғын алшақ қойып ырғақты секіріп, басынана асыра қол шапалақтауды орындауға жаттықтыру. Қ\о: «Біз көңілді боламыз» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мен ата -анамды сыйлаймын» Мақсаты: Балаларды отбасы мүшелерін сыйлауға, құрметтеуге баулу. Бір-біріне доп домалату, арақашықтыққа сәйкес доптың итерілу күшін дамыта білуін бекіту. Аяғын бірге, аяғын алшақ қойып ырғақты секіріп, басынана асыра қол шапалақтауды орындауға жаттықтыру. Қ\о: «Ұя»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Әйгерім дастарханды әзірлеп жатыр» Мақсаты: Отбасының ересек және кіші мүшелеріне сыйластықпен және қамқорлықпен қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелері, дәстүрлі туралы өздігінен әңгімелеу дағдыларын қалыптастыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Отбасындағы сыйластық» Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп, қоштасуға, үлкенді сыйлап, құрметтеуге үйрету. Отбасында үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық жасауға баулу арқылы балаларды инабаттылыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді ажыратып, оларды көлеміне қарай сәйкестендіре алу дағдысын дамыту. Бес таяқшадан қиялы бойынша әртүрлі бейнелер, геометриялық пішіндер құрастыруға баулу. Құрастыру Тақырыбы: «Мерекелік ашықхаттар» Мақсаты: Балалардың қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, қағазды қос бүктеу, пішініне сәйкес әшекейлей білуге және отбасындағы жақындарына сыйлық жасау арқылы үлкенге, кішіге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Мол өнім» Мақсаты: Көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. Табиғатқа қамқор қарым – қатынасты тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Не салғым келсе, соны саламын» Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек және сопақша бейнелер жасай білуге баулу, сурет салуда өзінің көңіл – күйін бейнелей білуге үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Қызыл, жасыл шарлар» Мақсаты: Балаларға отбасы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Туған күн бұл отбасылық дәстүр, әр отбасында көңілді, қызықты есте қалатындай өткізіп дайындалады, безендіреді бізде туған күн кешіне әдемі түрлі-түсті шарларды түрлі-түсті қағаздан қиып, жапсырту арқылы балаларды татулыққа баулу. 1.Музыка Тақырыбы: «Біздің атай» (Қ. Қуатбаев.) Мақсаты: Әнді таза, түсінікті, көңілді айтуға, музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету. Отбасы мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қамажайі халық әуені»	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: Балаларды өзінің отбасы, жақсы көретін адамдары, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы әңгімелеуге ынталандыру. Өзінің отбасы мүшелерінің бір – біріне қалай көмектесетіндері жайлы сұрақтарға жауап беру. Басқа балалардың да отбасы туралы айтқандарын тыңдап, олардың ата – аналарының қамқорлық жасайтыны туралы білу, түсіну.
----------	------------------	---	--	---	--	--

ІҮ апта	Үлкендердің еңбегі	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің қолымыздан келеді» Мақсаты: Үлкендер еңбегі туралы балаларға тереңірек түсіндіру. Қимыл бағытын сақтап, саптізбекте бір-бірден жүгіруді үйрету. Жіп бойымен жүруде басын дұрыс қоюды сақтай білуді бекіту. Еркін бағытта доп домалатуға жаттықтыру. Қо: «Сыйлықтар» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің үйдің көмекшілері» Мақсаты: Балаларды үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету. Бір аяғын алдыға, екіншісін артқа қойып секіруді орындауға үйрету. Саптізбектен шықпай қолдың еркін қимылымен жеңіл және ырғақты жүгіре білуді бекіту. Қимылдың бағытын сақтап, төртағандап еңбектеуге жаттықтыру. Қо: «Қақпа"» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз мықтымыз» Мақсаты: Үлкендердің еңбегі туралы балалардың түсініктерін молайту. Еркін бағытта доп домалатуға жаттықтыру. Саптізбектен шықпай қолдың еркін қимылымен жеңіл және ырғақты жүгіре білуді бекіту. Қимылдың бағытын сақтап, төртағандап еңбектеуге жаттықтыру. Қо: «Кім мықты»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Серуенде (өз тәжірбиелерінен)» (әңгімелеу) Мақсаты: Балаларға үлкендердің еңбегі, олардың мамандықтар туралы айтып түсіндіру. Сурет бойынша байланыстырып әңгімелеуге үйрете отырып, сөздік қорларын дамыту. Үлкендердің еңбегін мақтан тұтуға тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Профессии» Цель: Обогащать и активизировать знания детей о труде, профессиях, познакомить с их названиями. Формировать активный словарь в соответствии с лексической темой "Профессии". Развивать фонематическое восприятие, память. Воспитывать коммуникативные навыки, уважение к труду взрослых. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қамқорлық» әңгімесі Авторы: М.Төрежанов Мақсаты: Шығарманы оқып беру арқылы түсініктерін қалыптастыру. Әңгімелепберуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге дағдыландыру.	Математика негіздері Тақырыбы: «Мен шебермін» Мақсаты: 1 саны және оның құрамымен құрастыру, тура және кері санауға үйрету. Он таяқшадан қиялы бойынша әр түрлі бейнелер геометриялық пішіндерді құрастыру. Цифр мен санды сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру. Математикалық жұмбақтар шешу арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Асыранды үй жануарлары» Мақсаты: Адамдардың қамқорлығына өмір сүріп жатқан жануарлар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Үй жауарларына күтім жасай білу дағдыларын, тәжірибе жұмыстарына қызығушылықтарын, нысандарды салыстыра білу шеберліктерін дамыту.	Сурет салу Тақырыбы: «Үйдің суретін салымыз» Мақсаты: Балаларға үлкендердің еңбектері туралы таныстыруды жалғастыру. Түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағдыларын қалыптастыру. Бояу түсін таңдай білу, сурет салуға қызығушылығын арттыру. Шығармашылық белсенділікке баулу, іскерліктерін арттыру. Үлкендердің еңбектерін құрметтеуге тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Көмекші құралдар» Мақсаты: Балаларға үлкендердің еңбектері туралы меңгерте отырып, көмекші құралдар туралы түсініктерін кеңейту. Тұрмысқа қажетті заттардың неге арналғанын және қолдану ережелері туралы білімдерін дамыту. Тұрмысқа қажетті құралдардың ішіндегі сағат және уақыт өлшемдері туралы білім беру. Сағатты ермексаздан жасауға үйрету. Заттарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Бөбектер әні» (Е. Тәшев) Мақсаты: Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. 2. Музыка Тақырыбы: «Бөбектер әні» (Е. Тәшев) Мақсаты: Музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.	
---------	--------------------	---	---	--	---	--

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Қазан айы, 2021 жыл

Мақсаты: Балаларға өсімдіктер және олардың пайдасы туралы тереңірек түсінік бере отырып, өсімдіктердің түр – түсін ажыратуға, соның ішінде олардың жеке – жеке атын атап үйрету. Өсімдіктердің өсу жолын көрсетіп, түсіндіру. Білімдерін жүйелі түрде көресете алуға баулу, қиялын дамытып, қабілеттерін шыңдау.

Міндеті: Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерген баланың тұлғасын дамытуға тәрбиелеу.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» - 2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	«Таным» - 2,5 Математика негіздері -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық» - 3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5 Музыка-1,5	«Әлеумет» - 0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	Дала, бөлме гүлдері	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Гүлдің жапырағын жинау» Мақсаты: Балаларға өсімдіктер әлемі туралы тереңірек түсінік беру. Допты екпінмен итеру және доп қимылының бағытын сақтауды үйрету. Екі сызық бойымен жүруде қалыпты тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. Қо: «Тунелдің ішінен еңбектеп өту» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сарғыш тартып жапырақ» Мақсаты: Балалардың дала, бөлме гүлдері туралы түсініктерін молайту. Шынығудың пайдасы жөнінде айта отырып,шынығу жаттығуларын жасату. Арқаның астынан оған басын тигізіп алмай төрт тағандап еңбектеу. Допты екпінмен итеруді және доптың қозғалу бағытын сақтауды,көзбен өлшей білуін дамытуды бекіту. Қо: «Қуаласпақ» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Гүлдерге саяхат жасау» Мақсаты: Балалардың өсімдіктер әлемі туралы түсініктерін молайту..Екі сызық бойымен жүруде қалыпты тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. Допты екпінмен итеруді және доптың қозғалу бағытын сақтауды,көзбен өлшей білуін дамытуды бекіту. Қо: «Тышқан мен мысық»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Кішкентай бағбан» М.Төрежанов Мақсаты: Мәтіннің мән мағынасын бұзбай әңгімелеуді үйрету, балаларды сын есіммен, зат есімнен туған сөздердің дыбысталуына қарай көңілдерін аудару. Тілдік қорын байыту, дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ойдан шыққан әңгіме» Мақсаты: Балаларды қиялдап, ойдан әңгіме құрауға үйрету, тілдерін дамытуөз ойларын жеткізе білуге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: "Құмырадағы әдемі гүлдер" Мақсаты: заттың саны көлемінде реттік санау, сандық және реттік санауды айыра білу, қанша? нешінші сұрақтарына дұрыс жауап беру, қағаз бетінде бағдарлауға үйрету. 5 затты ұзындығына қарай сәйкестендіруге үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Саябақта» Мақсаты: Жолақ қағаздардан саябақтағы құралдарды жасай алуға үйрету, қағаз бен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, сабақта тәртіп сақтауға, дұрыс демалуға, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктері» Мақсаты: Бөлме өсімдіктерінің түрлерін ажырату және атай білуге үйрету. Тәжірибе жұмыстарын жүргізуге қызығушылығын, заттарды салыстыра білу дағдыларын дамыту. Балалар ұжымда достық қарым – қатынасты тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Гүлдер» Мақсаты: Балаларға өсімдіктер оның ішінде гүлдер туралы толық түсінік беру. Қылқаламмен салуда қарапайым қозғалысты нақты бере білу, түстерді сезіну және араластыра білу дағдысын жетілдіру. Эстетикалық сезімін қалыптастыру, әдемілікке, әдептілікке тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Түймедақ гүлі» Мақсаты: Балаларға өсімдіктер оның ішінде гүлдер туралы толық түсінік беру. Олар далада және бөлмеде өседі деген ұғым қалыптастыру. Гүлдің мүсінін келтіре отырып, әдемі гүл суретін қиып, жапсыруға үйрету. Балаларды еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа, тәрбиелеу. Қол икемділігін дамыту. 1.Музыка Тақырыбы: «Күз тамаша» (М. Омаров.) Мақсаты: Дала, бөлме гүлдері туралы балаларға түсіндіру. Ән-күйлерді тыңдату, қабылдау, есте сақтау және музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету. Ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қуыршақпен билейміз»	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктері. Алоэ және аспидистра» Мақсаты: Бөлме өсімдіктері алоэ және аспидистрамен таныстыру, олардың бір – бірінен айырмашылығын көре білу. Өсімдіктің өсуіне жарық, ылғал, ауа, қалыпты температура және адамдар күтімінің қажет екендігін түсіндіру.

II апта	Аулада нелер өседі?	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бақшаға саяхат» Мақсаты: Күз мезгілі жөнінде мағлұмат бере отырып, аулада не өсетінін түсіндіру. Шенбер түрінде салынған арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Арқанның астынан өтуде арқаға тиіп кетпеуін бекіту. Төрт тағандап еңбектеуде қол мен аяқ жұмысының координациясын дамыту. Қю: «Көбелектер мен бақалар» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ауладағы гүлдерді жинау» Мақсаты: Күз мегілінде егіннің бәрі пісетіні жөнінде әңгімелу. Ойынға белсенділікпен қатысуларын дамыту. Саптізбекте қатарды сақтап, өзінің әрекетін басқалардың әрекетімен үйлестіре отырып, ырғақты жүру және жүгіруді үйрету. Жіп бойымен жүруде нық тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту. Допты бір-біріне домалатуға, көзбен өлшей білуді дамытуға жаттықтыру. Қю: «Егінді жина» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көкөністер мен жемістер» Мақсаты: Төрт тағандап еңбектеуде қол мен аяқ жұмысының координациясын дамыту. Допты бір-біріне домалатуға, көзбен өлшей білуді дамытуға жаттықтыру. Қю: «Көңілді жарыстар»	«Сөйлеуді дамыту» Тақырыбы: «Бақша мен бақ» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын, заттың сапасы мен құрамын білдіретін (көлемін, түсін, пішінін) сөздермен байыту, балалардың сөздігіне көкөніс пен жеміс туралы жалпы түсінікті білдіретін сөздерді енгізу, сөздік қорын дамыту және дыбыстарды анық айтуға баулу. Еңбексүйгіштікке, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Орыс тілі Тема: «Растения вокруг нас» Мақсаты: Продолжать обогащать словарь детей лексическим материалом по теме, учить отвечать на вопросы полным предложением. Упражнять в умении согласовывать прилагательные с существительными в роде. Развивать фонематическое восприятие, зрительное внимание. Воспитывать любовь к родной природе, заботливое и бережное отношение к ней. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жеміс бағында» ертегісі. Авторы: М.Төрежанов (көркем әдебиет хрест. 150 бет) Мақсаты: Жеміс туралы ертегіні оқи отырып, балаларды ертегінің мәнін ықыласымен тыңдауға баулу, оқылған ертегіні дұрыс түсінуге, ойларын тиянақтау, сөздік қорын байыту, жақсылық жасауға тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Ағаштар» Мақсаты: 1 цифр туралы білімдерін пысықтау, цифрді затты санымен салыстыруға үйрету, жұмбақтарды көрген мәліметтер негізінде шешуге үйрету. Тез баяу түсініктері туралы білімдерін пысықтау, таныс заттарды көлеміне қарай салыстыру, және сол белгілеріне қарай біріктіру, үшбұрыш туралы білімдерін бекіту «Жаратылыстану» Тақырыбы: «Ағаштар мен бұталар» Мақсаты: Табиғаттың жанды нысандары туралы түсініктерін жүйелеу. Балабақша аумағындағы және жақын маңайдағы өсімдіктерді (ағаштар мен бұталар) ажырату және атай білу дағдыларын дамыту. Өсімдіктер әлеміне қызығушылығын тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Алма бағы» Мақсаты: Балаларға алма ағашының суретін сала білуге үйрету, алма ағашының құрылысына, ерекшелігіне сәйкес оның бөліктерін, бір – біріне қатынасын дұрыс бере білуді үйрету, ағаш діңін қылқаламмен бастыра чызу және жапырақтарымен алмаларын әдемі бояуға жаттықтыру. Көріністі қабылдауын дамыту, түстер мен ырғақты сезіне білуге тәрбиелеу. «Мүсіндеу» Тақырыбы: «Алма мен алмұрт» Мақсаты: Балаларға күзде пісетін жемістер туралы түсінік беру, алма мен алмұртты салыстыру арқылы пішініндегі айырмашылықты анықтау, ермексазды домалақтау, созу тәсілдерін қайталау. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. 1. Музыка Тақырыбы: «Күз жомарт» (Д. Ботбаев) Мақсаты: Музыканы тыңдап, жуан, жіңішке дыбыстарды ажырату. Өнді мәнерлеп айтқызу. Би элементтерін музыканы сезініп орындауға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жапырақтар» би қимылдары 2. Музыка Тақырыбы: «Күз жомарт» (Д. Ботбаев) Мақсаты: Өнді мәнерлеп айтқызып, би элементтерін музыканы сезініп орындауға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жапырақтар» би қимылдары	
---------	---------------------	--	--	--	--	--

III апта	Аяғы бар қалпақтар	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Саңырау құлақтар» Мақсаты: Балалардың өсімдіктер әлемі туралы түсініктерін молайту. Тепе- теңдікті сақтап жүруге үйрету. Ептілік, күштілік қасиеттерін дамыту. Екінші жаққа бұрылу үшін жеткілікті түрде жоғары секіруді үйрету. Саптізбекте бірдей жүріс қарқынын сақтап, жүрумен жүгіруді кезектестіре білуді бекіту. 3 доғаның астынан біртіндеп төрт тағандап еңбектеуге жаттықтыру. Қо: «Кеглейге тигіз» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Орманға саяхат» Мақсаты: Балалардың өсімдіктер әлемі туралы түсініктерін молайту. Заттардың арасында допты домалату бағытын ауыстыруға үйрету. Өзінің айналасына солға оңға бұрылуды орындауда бір мезгілде қос аяқпен итеріле білуін бекіту. Қо: «Кептерді қуып жет» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Орманда қыдырамыз» Мақсаты: Саптізбекте бірдей жүріс қарқынын сақтап, жүрумен жүгіруді кезектестіре білуді бекіту. 3 доғаның астынан біртіндеп төрт тағандап еңбектеуге жаттықтыру. Өзінің айналасына солға оңға бұрылуды орындауда бір мезгілде қос аяқпен итеріле білуін бекіту. Қо: «Шортан мен шабақтар»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қалпағы бар өсімдік» Мақсаты: Саңырауқұлақтар туралы әңгімелеу, адам үшін маңыздылығын түсіндіру. Сөйлегенде грамматикалық тұрғыдан дұрыс қолдана білуге үйрету, сурет бойынша әңгімелеуге үйрету, сөздік қорын байытып, сөйлеу барысында қолдануды қалыптастыру. Өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын жетілдіру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар аясында"» ертегісі Авторы: В.Сутеев (хрест. 214 бет) Мақсаты: Ертегі желісімен таныстыра отырып, берілген сұрақтарға жауап бере отырып, диалогті сөйлеуге, байланыстырып сөйлеуге және балаларды еркін сөйлеуге дағдыландыру. Ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.	Математика негіздері Тақырыбы: «Қалпақшалы өсімдік» Мақсаты: Реттік санау қабілетін нығайту, сандық және реттік санауды ажырата білуге үйрету. қанша? нешінші сұрақтарына дұрыс жауап бері қабілеттерін қанша? нешінші дидактикалық ойындар арқылы есте сақтай қабілеттерін дамыту, Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу Құрастыру Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар» Мақсаты: Балалардың саңырауқұлақ жайлы білімдерін бекіту, саңырауқұлақты табиғи материалдан жасай бөлуге және оны жасауда пішіндерді дұрыс қолдана білуге үйрету, табиғи материалдармен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Аяғы бар қалпақтар» Мақсаты: Саңырауқұлақтардың 2-3 түрін ажырату және атай білу дағдысын қалыптастыру. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін дамыту. Өсімдіктер әлеміне қамқор және мейірімді қарым – қатынасын, зейін салуын, танымдық қызығушылығын тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Үлкен және кіші саңырауқұлақтар» Мақсаты: Орманда өсетін өсімдіктер туралы түсінік беру. Балаларға саңырауқұлақ суретін салуға үйрету. Іс-әрекетке деген қызығушылықтарын дамыту. Қажетті түс алуда субояқты араластыру іскерлігін арттыру. Ептілікке, қоршаған ортаның әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. Бейнелеу өнерінің мәнерлеу құралдарын (түс, пішін, композиция) менгертуге жаттықтыру. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар» Мақсаты: Орманда өсетін өсімдіктер туралы түсінік беру. Балаларға саңырауқұлақ суретін түрлі-түсті қағаздан қиып, жапсыруға үйрету. Іс-әрекетке деген қызығушылықтарын дамыту. Бейнелеу өнерінің мәнерлеу құралдарын (түс, пішін, композиция) менгертуге жаттықтыру. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Осень наступила» Мақсаты: Әнді тыңдап, дыбыстарды дұрыс, анық айтуға үйрету. Әнді мәнерлеп айтқызу. Ырғақты сезіне білу қабілеттерін дамыту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Саңырауқұлақ» би қимылдары	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар» Мақсаты: Саңырауқұлақтардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру. Улы саңырауқұлақтардың адам өміріне қауіпті екендігі туралы айта отырып, жеуге жарамды ақ саңырауқұлақ пен улы боз арамқұлақты түріне қарап танып, айтып беруге үйрету.
----------	--------------------	---	--	--	--	--

IV апта	Берекелі Алтын күз	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Күз келді» Мақсаты: Балаларға күз туралы тереңірек түсінік беру. Ойын барысында ынтымақтастыққа баулу. Көтерілген заттың оның астынан еңбектеп өтуде биіктігін есепке ала отырып алақанмен тізеге сүйеніп, төрт тағандап еңбектеуге үйретуді жалғастыру. Допты саусақпен жеңіл итеріп және допты заттардың арасынан домалатуда бағытын өзгерте білуін бекіту. Қю: «Көбелектер мен бақалар» 2. Дене шынықтыр Тақырыбы: «Күзгі орманға саяхат» Мақсаты: Басына құм қап қойып, тепе-теңдікті сақтай отырып, орманға саяхат жасу, жіптің бойымен жүру. Еңбектеуде, таяқтың астынан өткенде оған тигізбей қол мен аятың жұмысын үйлестіре білуді бекіту. Оңға және солға бұрылып екпінмен секіруге жаттықтыру. Қю: «Ұшты – ұшты» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Егінді жинаймыз» Мақсаты: Балаларға күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. Балалардың ептілік, күштіліктерін дамыту. Допты саусақпен жеңіл итеріп және допты заттардың арасынан домалатуда бағытын өзгерте білуін бекіту. Еңбектеуде, таяқтың астынан өткенде оған тигізбей қол мен аятың жұмысын үйлестіре білуді бекіту. Оңға және солға ыру. бұрылып екпінмен секіруге жаттықтыру. Қю: «Кімнің дауысы»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жаз, күз» (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Балалардың күз мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Суреттің мазмұны бойынша әңгіме құрауды үйрету. Сөйлегенде хабарлама сөйлемді қолдану, әңгімені тыңдауға, түсінуге үйрету, әңгімеге қатысуды үйрету, сұрақтар қоюға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Орыс тілі Тема: «Осень» Цель: Познакомить детей с названиями овощей, расширять словарь по теме «овощи и фрукты». Совершенствовать диалогическую речь, зрительное восприятие, внимание и мышление. Воспитание звуковой культуры речи. Воспитывать бережное отношение и любовь к окружающей среде. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Күзде» өлеңі Авторы: I. Байжұманова Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсінік беру. Өлеңді тыңдап, өз түсінігін жүйелі айтып беруге баулы. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.	Математика негіздері Тақырыбы: «Күз кереметі» Мақсаты: 2 цифр туралы білімдерін пысықтау, цифрді затты санымен салыстыруға үйрету, жұмбақтарды көрген мәліметтер негізінде шешуге үйрету. Тез баяу түсініктері туралы білімдерін пысықтау, таныс заттарды көлеміне қарай салыстыру, және сол белгілеріне қарай біріктіру, сопақша туралы білімдерін бекіту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Алтын күз келді» Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы, жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы ауа райының жайын, бақылауды және бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілей білуді үйрету. Құрдастарына достық қарым – қатынасты тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты: Күзгі табиғаттан алған әсерлерін қағаз бетінде бейнелеу. Күзгі ағашты, оның бөліктерін анық етіп салуды үйрету. Ағаштың діңін төменнен жоғары қарай жіңішкеретінін, яғни, жоғары жағы жіңішке, төмен жағы жуан болатынын айту, бұталарын, жапырақтарын көлденеңнен салып үйрету, саусақ қимыл қозғалыстарын еркін пайдалану, сызықтарды батыл жүргізу, түстердің үйлесімділігін сезінуге, заттың пішінін ұқсата салуға үйрету, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Бақшадағы қызанақ пен кияр» Мақсаты: Көкөністің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру, білімдерін дамыту. Ермексазды алақан арасына салып есу, домалақтау тәсілін меңгеру, тілдерін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру, көкөністі жуып жеуге, тазалық сақтауға тәрбиелеу. 1. Музыка Тақырыбы: «Саңырауқұлақ тереміз» (Г. Абдрахманова) Мақсаты: Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әр түрлі жанрлар түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жапырақтармен» би. 2. Музыка Тақырыбы: «Саңырауқұлақ тереміз» (Г. Абдрахманова) Мақсаты: Алтын күз туралы ұғымдарын кеңейту, ән орындау қабілеттерін шыңдау. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жапырақтармен» би.	
---------	--------------------	--	--	--	---	--

Өтпелі тақырып: «Мен және қоршаған орта»

Қараша айы, 2021 жыл

Мақсаты: Балаларға қоршаған әлемге қызығушылығын және оны толық қабылдауын қалыптастыру, табиғатта болатын өзгерістер туралы түсінігін молайту.

Міндеттері: Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер, жануарлар туралы білімдерін кеңейту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» - 2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	«Таным» - 2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық» - 3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5 Музыка-1,5	«Әлеумет» - 0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	Ферма	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құс фермасына саяхат» Мақсаты: Балаларға табиғат әлемі туралы түсінік беру арқылы құс фермасына саяхат жасау. Түрлі қимылдарды түрлі қарқында музыкалық сүйемелдеу: Ырғақты жүру, жеңіл жүгірумен орындауға үйрету. Басына қап қойып, бастың дұрыс қалпын сақтап, жіп бойымен жүре білуді бекіту. Қ\о: ««Маймылдар»» 2. «Дене шынықтыру» Тақырыбы: «Үй жануарлар фирмасы» Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау және бағдарлай білу біліктерін дамыту. Екі параллель сызықтың арасындағы жолмен қолдарын еркін жағдайда ұстап кеңдеу адыммен адымдауды үйрету, қолдарын еркін ұстап алдыға және артқа жеңіл жүгіре білуді бекіту. Қ\о: «Аюлар мен аралар» 3. «Дене шынықтыру» Тақырыбы: «Табиғат әлеміне саяхат» Мақсаты: Бұрылу үшін жеткілікті түрдежоғарға секіре білуді жетілдіру. Түрлі қимылдарды түрлі қарқында музыкалық сүйемелдеу сәйкес ырғақты жүру, қолдарын еркін ұстап алдыға және артқа жеңіл жүгіре білуді бекіту. Бір-біріне допты домалату, көз мөлшерін жаттықтыру. Қ\о: «Қасқыр мен қояндар»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің сүйікті жануарым» Мақсаты: Жұмбақты шешу арқылы балаларды өз тәжірибесінен әңгіме құруға, сөйлеу барысында сын есімдер мен етістіктерді (жануарға сипаттама беру арқылы, қайда өмір сүретіні, немен қоректенетіні) қолдана білуге үйрету. Сұрақ – жауап арқылы жануарлардың түрлерін білуге, төлдерінің қалай аталуын, еркелету арқылы қалай атайтынын үйрету, жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу, жанашырлық сезімдерін ояту. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ақылды лақ» (ертегі) Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсініктерін бекіту. Балаларды ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету, сөздік қорын молайту, көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Біз фермадамыз» Мақсаты: 3 цифрдың құрамымен таныстыру. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді әрі қарай жалғастыру. 1,2,3 цифрларын жазу дағдаларыын нығайту. Таныс заттарды биіктігіне қарай (биік, аласа) салыстырып, оларды сол белгілеріне біріктіру қабілетін ұштау. Бір-біріне ұқсас екі суреттерді салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Төрт түлік» Мақсаты: Үй жануарлары (қой, ешкі, жылқы, түйе, сиыр, есек, шошқа, ит, мысық) туралы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру. Жануарлар немен қоректенетіні, қалай қозғалатыны, қалай дыбыс шығаратыны туралы қарапайым ұғымдарын қалыптастыру Құрастыру Тақырыбы: «Қошақан» Мақсаты: Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, қошақанды жолақ қағаздармен жасауға үйрету. Ұқыпты жұмыс істей алу дағдысын қалыптастыру.	Сурет салу» Тақырыбы: «Мені қызықтыратын жануар» Мақсаты: Үй жануарлармен таныстыруды жалғастыру. Геометриялық пішіндер арқылы "жапырақ" тәрізді бейнеге келтіру әдіс-тәсілін пайдаланып, қойдың суретін сала білуге үйрету. Қол қимылдарын, ойлауға, қиялын дамытуға тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Марқа қозы» Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Дөңгелек, үшбұрыш пішіндерді бұлт тәрізді дайын пішінге жапсырып, қозы бейнесін жасауды үйрету. Саусақ бұлшықеттерін жетілдіру, ой-қиялын дамыту. Үй жануарларын қамқорлауға, күтіп-баптауға тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Алтын күз» (Ж. Молдажанова.) Мақсаты: Табиғат туралы жалпы түсінік беру, табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. Табиғаттың сұлулығын сезіне білуге, оған деген саналы көзқарасты қалыптастырып, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Өн салуға, билеуге, ойнауға қызығушылықтарын дамыту. Меңгерген дағдыларын бекіту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Күзгі жапырақтармен» би.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Үй жануарлары» Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Жануарлардың тіршілігі адамның қамқорлығына, күтіміне зәру екендігі туралы ұғымды қалыптастыра отырып, қамқорлықпен қарау.

II апта	Құстар біздің досымыз	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Торғаймен мен балапандар» Мақсаты: Балаларға құстар туралы түсініктерін молайту. Екі аяқтың ұшымен итеріліп, орташа биіктікке секнруді орындауға үйрету. Сызықтан асып кетпей, адымды еркін қол қимылымен үйлестіре білуді бекіту. Алақанмен табанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу, төзімділікті дамытуға жаттықтыру. Қо: «Кетті орамал» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құстарға қамқорлық жасау» Мақсаты: Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Допты алға жоғары лақтырып, оны қос қолмен қағып алуға үйрету. Тізені аздап бүгіп орташа биіктікке ырғақпен секіруді орындай білуді бекіту. Басына құм қап қойып жіптің бойымен жүруге жаттығу. Қо: «Етек, етек» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қарлығаш» Мақсаты: Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Алақанмен табанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу, төзімділікті дамытуға жаттықтыру. Басына қап қойып жіптің бойымен жүруге жаттығу. Қо: «Тақия тастамақ»	«Сөйлеуді дамыту» Тақырыбы: «Құстар біздің досымыз» (әңгімелеу) Мақсаты: Құстар туралы толық мағлұмат бере отырып, тіршілігі туралы түсінік беру, оларды қамқор тәрбиелеу. Дыбыстарды анық айтуға жаттықтыр. Интонациялық айқындыққа тәрбиелеу. Суреттер бойынша сөйлем құрауға үйрету. Орыс тілі Тема: «Птицы» Мақсаты: Продолжать обогащать словарь детей согласно лексической теме-учить называть домашних и диких птиц на русском языке, отвечать на вопросы, образовывать существительные в единственном и множественном числе. Закреплять пройденный лексический материал. Воспитывать заботливое отношение к птицам. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Әтеш пен Тоты» ертегісі Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсіну, өз түсінігімен әңгімелеу барысында сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру. Ертегінің мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге мінездеме бере білуге үйрету, достық қарым – қатынас және өзара көмек көрсете білуге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Құстар сайрайды» Мақсаты: Бес көлеміндегі заттарды санау қабілетін нығайту. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; бір-бірінен әр түрлі арақашықтықта орналасқан заттар тобын теңестіруді үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ауладағы құстар» Мақсаты: Балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. Жанды нысанды сипаттай білу дағдысын, зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасын тәрбиелеу.	«Сурет салу» Тақырыбы: «Суық торғайлар» Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшелігін түсіндіре отырып, құстар туралы түсініктерін қалыптастыру. Қыстап қалатын құстар туралы толық түсіндіруді жалғастыру, оларға қамқор болуға, аялауға, көмектесуге тәрбиелеу. Сурет салу кезінде таза, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. Бейнелеу өнеріне қызығушылықтарын ояту. Мүсіндеу Тақырыбы: «Әдемі торғай» Мақсаты: Құстың бөлшектерін дайындап, бөлшектерді бір – бірімен біріктіре алуды үйрету, құстар туралы білімдерін дамыту, саусақ икемділіктерін арттыру, тілдерін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру, балалардың құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. 1. Музыка Тақырыбы: «Құстар әні» (Г. Абдрахманова) Мақсаты: Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Құстар» биі 2. Музыка Тақырыбы: «Құстар әні» (Г. Абдрахманова) Мақсаты: Әнді тыңдап, сезіне білуге, жақсы орындай білуге тәрбиелеу, есту қабілеттерін дамыту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Құстар» биі	
---------	-----------------------	--	---	--	---	--

ІІІ апта	Жабайы жануарлар әлемі	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Маймылдар» Мақсаты: Балаларға жабайы жануарлар туралы тереңірек түсінік беру. Жіптің астынан оң және сол жақ жанымен өтуде дұрыс топталудыжәне жазылуды үйрету. Допты бастан асыра лақтырмай, алдыға-жоғарыға лақтыру және оны қос қолмен қағып ала білуді бекіту. Қ\о: «Допқа тигіз»	«Сөйлеуді дамыту» Тақырыбы: «Айлакер тұлкі» (ертегісі) Мақсаты: ертегінің мазмұнын сурет бойынша әңгімелету, жабайы аңдар туралы білімдерін кеңейту, олардың тіршілігін сипаттап, аттарын айтып, сөздік қорын байыту, оларды қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу. сөйлеу мәнерін қалыптастыру.	Математика негіздері Тақырыбы: «Аңқау аю» Мақсаты: Реттік санау қабілетін нығайту, сандық және реттік санауды ажырата білуге үйрету. қанша? нешінші сұрақтарына дұрыс жауап бері қабілетерін қанша? нешінші дидактикалық ойындар арқылы есте сақтай қабілеттерін дамыту, Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Сүйікті ойыншығым» (қонжық) Мақсаты: Балаларға жабайы жануарлар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, белгілі бір бейне жасауды түстердің үйлесімділігінжәне заттардың суретін салуда ұсақ бөлшектерді ғана емес, олардың сипаты мен сапасына сәйкес ерекшеліктерін бере білуге және күтіп ұстауға тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Ормандағы тіршілік» Мақсаты: Жабайы жануарлар туралы түсініктерін байыту (бөлтірік, жәутік, көжек, тиін). Табиғатты сүюге және оған қамқор болуға тәрбиелеу.
		2. Дене шынықтыру» Тақырыбы: «Қасқыр мен қоян» Мақсаты: Балалардың жабайы жануарлардың тіршілігі туралы түсініктерін молайту. Шектелген алаңда аяқтың ұшымен денесін дұрыс қалыпта ұстап жүруге үйрету. Қолмен аятың қимылдарын үйлестіріп, дәйекті түрде қырындап адымдауға орындай білуді бекіту. Қ\о: «Кім күшті?»	«Көркем әдебиет» Тақырыбы: «Қасқыр мен ит» Мақсаты: Балаларға ертегіні тыңдата отырып, мазмұнын түсіндіру, әңгімедегі жағымсыз кейіпкердің бейнесін саусақ театры арқылы көрсете отырып, қасқыр жағымсыз, ит жеті қазынаның бірі екенін айтып түсіндіріп, дүниетанымын кеңейту, көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Жабайы жануарлар» Мақсаты: Орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы, жабайы жануарлардың қозғалыс тәсілдері, өмір қалпы туралы түсініктерін қалыптастыру. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. Тіршілік иелеріне ізгі қарым – қатынасты тәрбиелеу.	Жапсыру Тақырыбы: «Ақылды қонжық» Мақсаты: Балаларға жабайы жануарлар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, белгілі бір бейне жасауда қоңыр түсті қағаздан қиып аппликация жасай білуге және күтіп ұстауға тәрбиелеу. Қол икемділігін арттыру.	
		3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Апандағы аю» Мақсаты: Балалардың жабайы жануарлардың тіршілігі туралы түсініктерін молайту. Допты бастан асыра лақтырмай, алдыға-жоғарыға лақтыру және оны қос қолмен қағып ала білуді бекіту. Қолмен аятың қимылдарын үйлестіріп,дәйекті түрде қырындап адымдауға орындай білуді бекіту Қ\о: «Біз көңілді боламыз»		Құрастыру» Тақырыбы: «Кірпі» Мақсаты: Орман аңдары туралы білімдерін бекіту. Өз беттерінше түстерді дұрыс әрі нақты пайдалануға дағдыландыру, ермексазды тиімді пайдалануға және кірпіні ұқыпты жасай білуге үйрету.	Музыка Тақырыбы: «Сұр қоян» (Қ. Қуатбаев.) Мақсаты: Хормен айтуға, әнді бір мезгілде бастап, қатар аяқтауға, музыкалық фразалардың арасында дем алға үйрету, эмоционалдық ықыластықты тәрбиелеу. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Косарланып билеу»	

ІҮ апта	Жануарлар қысқа қалай дайындалады?	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аюдың қысқа дайындығы» Мақсаты: Балаларға жануарлардың қысқа қалай дайындалатыны туралы түсініктерін молайту. Қажетті жерде аяқтың итерілу екпінін:тым алыс емес және затқа тым жақындамай орындауды үйрету, жұптасып ырғақпен және жеңіл жүрумен жүгіре білуді бекіту. Жіп бойымен жүруде тұрақты тепе-теңдікті сақтауға және дене бітімін тік ұстауға жаттықтыру. Қю: «Әр түрлі қимылды ойындар» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қоянға қонаққа барамыз» Мақсаты: Балаларға жануарлардың қысқы дайындығы туралы айту. Допты еденге ұрып жоғары лақтыру және оны секіргеннен кейін қос қолмен қағып алу. 4 адымдап екпінмен қос аяқпен жоғарыға секіруде итерілуді орындауда қолмен аятың жұмысын үйлестіру. Саптізбекте бағытты ауыстыра жүруге жаттықтыру. Қю: «Мысықтар мен күшіктер» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ирек жолмен орманға бару» Мақсаты: Балалардың жануарлардың тіршілігі туралы түсініктерін молайту. Жіп бойымен жүруде тұрақты тепе-теңдікті сақтауға және дене бітімін тік ұстауға жаттықтыру. Саптізбекте бағытты ауыстыра жүруге жаттықтыру. Қю: «Допты қақпаға түсіру»	«Сөйлеуді дамыту» Тақырыбы: «Жануарлардың қысқа дайындығы» (қысқа сюжеттік әңгіме құрастыру) Мақсаты: Тәрбиешінің сұрақтары бойынша сөйлем құрауға үйрету арқылы жануарлар әлеміне деген қызығушылықтарын дамыту, тірі табиғи нысандармен табиғат туралы өзіндік әсерлерін жеткізе білу. Жабайы жануарлардың өзіндік ерекшеліктері, өмір сүру тіршіліктері туралы түсініктерін нақтылау. Байланыстырып сөйлеуге үйрету. Орыс тілі Тема: «Как дикие животные готовятся к зиме?» Цель: Расширять знания детей о диких животных. Расширять словарный запас детей словами обозначающими действия предметов, признаки предметов. Формировать интерес к словесным играм, в которых дети могут показать свои знания. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жабайы аңдар» (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Әңгіменің мазмұнын сурет бойынша әңгімелету. Жабайы аңдар туралы білімдерін кеңейту, олардың тіршілігін сипаттап айтуға, қорғауға, қамқор болуға, аттарын ажыратып атауға жетелеу, сөздік қорын байыту.	Математика негіздері Тақырыбы: «Үш аю» Мақсаты: Цифрды заттың санымен сәйкестіруді үйрету. Кеңестік қарым -қатынасты туралы түсініктерін қалыптастыру (сол жақта, оң жақта, үстінде, алдында, ортасында) геометриялық фигуралар туралы білімдерін толықтыру; жыл мезгілдері туралы өткенді пысықтау; Жаратылыстану Тақырыбы: «Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігі» Мақсаты: Орман жануарларының тіршілік ету қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Жабайы жануарлардың қысқа дайындықтарымен танысу. Жабайы жануарлардың кейбір түрінің табиғат жағдайларында тіршілік етуі туралы білімдерін кеңейту. Білімге құштарлық, жануарларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Сүйікті жануарым» Мақсаты: Балаларға үй жануары, жабайы жануар туралы түсіндіруді жалғастыру. Олардың қысқа дайындығы жөнінде түсіндіру. Балалардың шығармашылығын арттыру арқылы сүйікті жануарларының суреттерін сала білуге үйрету. Балалардың қамқорлық сезімін ояту. Мүсіндеу Тақырыбы: «Сәнқой түлкі» Мақсаты: Балаларға жеке бөлшектерді біріктіре отырып, түлкіні бейнелеуді үйрету, ермексазды илеу, домалақтау, созу, пішінге келтіру тәсілдерін жетілдіру. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Сұр қоян» (Қ. Қуатбаев.) Мақсаты: Дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру. Әнді тыңдап, әннің ырғағын айыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қояндар» 2. Музыка Тақырыбы: «Сұр қоян» (Қ. Қуатбаев.) Мақсаты: Әнді тыңдап, әннің ырғағын айыру. Жануарлар қимылын музыка ырғағына сай бейнелеу. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жұптасу» биі	
---------	------------------------------------	---	---	---	--	--

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Желтоқсан айы, 2021 жыл

Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілік құрмет сезімдерін ояту. Өздерінің Отаны туралы түсінік беруді жалғастыру.

Міндеттері: Отан деген сөздің мағынасын ұғыну, өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» - 2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	«Таным» - 2,5 Математика негіздері -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық» - 3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5 Музыка-1,5	«Әлеумет» - 0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	Тарихқа саяхат	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің Отаным көп ұлтты» Мақсаты: Балаларға Отан, туған жер туралы түсінік беру. Отанға деген сүйіспеншілікке баулу. Заттардың арсынан бағытты өзгерте отырып және заттарға тиіп кетпей еңбектеуге үйрету. Допты секіргеннен кейін екі жағынан бірдей қолдарының қимылдарын еркін және бос ұстап қағып ала білуін бекіту. Қю: «Біз көңілді балалар» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Отан бәрінен қымбат» Мақсаты: Балаларға Отан, туған жер туралы түсінік беру. Отанға деген сүйіспеншілікке баулу. Нық тепе-теңдікті сақтап, гимнастикалық орындық бойымен тапсырманы орындап жүруге үйрету. Заттардың арасынан алақан және табанмен еңбектеуде заттарға тигізбей қол мен аяқтың жұмысын үйлестіре білуді бекіту. Қю: «Мұнара жасайық» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Елім менің –тірегім» Мақсаты: Туған ел туралы сұрау. Допты секіргеннен кейін екі жағынан бірдей қолдарының қимылдарын еркін және бос ұстап қағып ала білуін бекіту. Заттардың арасынан алақан және табанмен еңбектеуде заттарға тигізбей қол мен аяқтың жұмысын үйлестіре білуді бекіту. Қю: «Татулы жарыстар»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің сүйікті қалам» Мақсаты: Туған өлке туралы түсінік беруді жалғастыру. Сөздік қорларын молайту, байланыстырып сөйлеуге, ойланып айта білуін дамыту, қаламен ауыл арасындағы айырмашылықты көруге үйрету, ауылдың қажеттілігі туралы білімін кеңейту. Өз Отанын қадірлеуге тәрбиелеу. Суреттерден әңгіме құрастыра отырып, өз қалаларының көрікті жерлерін мақтанышпен айтуға үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөз тіркесі мен сөйлем құрауға жаттықтыру. Патриоттық сезімдерін ояту. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ұшқан ұя» Б.Момышұлы Мақсаты: Балаларды әңгімені тыңдауға, мазмұнын әңгімелеуге үйрету, әдептілікке тәрбиелеу, танымдық қызығушылықтарын арттыру.	Математика негіздері Тақырыбы: «Алтын адам» Мақсаты: 4 цифрын 4 санының таңбасы ретінде таныстыру. 4 цифрының сандық қатардағы орнын анықтау, 4 цифрын өзге цифрлар арасынан табу. Үлкен кіші, кішкентай сөздерін пайдалана отырып, заттарды көлеміне қарай салыстыру. Баланың зейінін ойлау қабілетін дамыту. Құрастыру Тақырыбы: «Киіз үй» (құрылыс материалдарынан құрастыру) Мақсаты: Балаларға киіз үйдің ертеректе адамдар ең алғашқы баспанасы ретінде пайдаланғаны жөнінде мағлұмат беру. Құрылыс материалдарынан киіз үйді құрастыруды үйрету, ерекшеліктерін меңгерту. Ұлттық дәстүрді сыйлауға тәрбиелеу, танымдық қызығушылықтарына арттыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің елім Қазақстан» Мақсаты: Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайы туралы әңгімелеп беруге үйрету. Отанына, оның өткені мен бүгініне қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру;	Сурет салу Тақырыбы: «Торсықты әшекейлейміз» Мақсаты: Балаларға ыдыстар туралы соның ішінде қазақтың ұлттық ыдысы және қазіргі кездің ыдыстары туралы таныстыруды жалғастыру. Заттардың пішіні олардың құрылымы өрнек элементтерінің орналасуына көңіл бөлуді үйрету, сурет салудың дәстүрден тыс әдістері: дымкыл және құрғақ қылқаламмен сурет салу әдісімен таныстыру, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Қол арба» Мақсаты: Балаларға ерте кездегі қол арба туралы таныстыру. Қол арбаның жапсыру техникасын меңгерту, қағаз қиындыларынан әртүрлі пішіндерден қоларбаның суретін жапсыруды үйрету арқылы ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке, жинақылыққа тәрбиелеу. Қол икемділігін дамыту. Музыка Тақырыбы: «Отаным» (А. Әлиев, Н. Айтұлы.) Мақсаты: Әуеннің ырғақ екінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Өнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға үйрету. Туған жеріне, қаласына деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қара жорға» биі	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Адамдардың баспаналары» Мақсаты: Адамдардың баспаналары: киіз үй, көпқабатты үй, пәтер, олардың айырмашылықтары, ұқсастықтары және ерекшеліктері туралы айтып беруге, оқылған әңгімедегі кейіпкерлердің әрекетін талқылауға үйрету. Балалардың таным белсенділігін арттыру. Ересектердің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту. Баспана салған адам еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

II апта	Ауыл мен қала	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ата әже ауылына қонаққа бару» Мақсаты: Балалардың туған өлке туралы түсініктерін молайту. Адымдау актісіне қолдың жай қимылын үйлестіре, қысқа адыммен заттардың арасынан "жыланша жүгіруге үйрету. Жоғары тіреуіште тапсырманы орындауда нық тепе-теңдікті сақтауға және басты дұрыс күйде ұстауға жаттықтыру. Допты алдыға -жоғары лақтыруға,оны саусақтарымен өзіне қыспай қағып ала білуді жетілдіру. " Қо: «Бірінші бол» 2. Дене шынықтыру» Тақырыбы: «Менің сүйікті ауылым» Мақсаты: Балалардың туған өлке туралы түсініктерін молайту. Екі аяғымен бір мезгілде екпінмен итеріліп алдыға қарай қос қолмен қағып алуды үйрету. Қос аяқпен бірдей екпінмен итеріліп және алдыға қарай қос аяқпен секіру және жартылай бүгілген аятың ұшымен жерге түсуді үйрету. Заттарды айнала оларды қағып кетпей жүгіруді бекіту. Бір-біріне фитболды домалатып жаттығу,көз мөлшерін дамыту. Қо: «Қамбадағы тышқандар» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қалаға саяхат жасау» Мақсаты: Балалардың туған өлке туралы түсініктерін молайту. Адымдау актісіне қолдың жай қимылын үйлестіре, қысқа адыммен заттардың арасынан "жыланша жүгіруге үйрету " Қос аяқпен бірдей екпінмен итеріліп және алдыға қарай қос аяқпен секіру және жартылай бүгілген аятың ұшымен жерге түсуді үйрету. Қо: «Қысқы ойындар»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің сүйікті қалам, ауылым және елордасы Астанам» Мақсаты: Балаларға қала, ауыл және елордасы Астана туралы түсінік беру, ой өрісін дамыту. Елін, жерін, туған қаласын сүйуге, өз отанына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Моя Родина – Казахстан» Цель: Формировать у детей первоначальные представления о родном городе и Родине - Республике Казахстан. Учить называть на русском языке символы Казахстана, узнавать и называть достопримечательности родного города и столицы. Формирование навыков понимания и использования в речи русских слов и выражений. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Сүйікті қалам мен ауылым» Мақсаты:. Балаларға сүйікті қаласы мен ауылы туралы әңгімелеп беруге үйрету. Туған қаласы, ауылын сүйуге, оның бүгінгі күндегі қызығушылығын арттыратын дүниелері туралы әңгімелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: « Менің қалам» Мақсаты: Үлгі бойынша санауға үйрету. Өзгеше орналасқан (шеңбер, сопақша) заттар тобын теңестіруді үйрету. Әртүрлі арақашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтау. Кеңістікте бағдарлауға үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Мен тұратын қала» Мақсаты: Өз мекен-жайы мен тұрғылықты қаласының (ауылының) атын білу. Қаланың сәулетті орындарына саяхат жасау. Өзі тұратын қаланың сәулетті, мәдени орындары туралы түсінік беру.	Сурет салу Тақырыбы: «Киіз үйдің керегелері» Мақсаты: Киіз үйдің керегелері туралы түсініктерін кеңейту, жуан, жіңішке таяқшаларды рет – ретімен салуды, қарындашты қолдануды үйретуді жалғастыру, шы,армашылыққа, сыйласымды қарым – қатынасқа тәрбиелеу, ойлау, көру қабілеттерін, ұсақ қол қимылдарын дамыту. Мүсіндеу Тақырыбы: «Менің үйім» Мақсаты: Балаларды шығармашылық сана арқылы мүсіндеу тәсілін үйрету, эстетикалық талғамын қалыптастыру. Қағаз бетіне үйді жалпақтау арқылы мүсіндеп, қабырғаларын, терезелерін орналастыру; Ермексаз кесектерін үзу, созу, шаншу арқылы мүсіндей білуге үйрету. 1.Музыка Тақырыбы: «Ауылым» (Ө. Бейсеуов.) Мақсаты: Отан, ауыл, қала туралы түсініктерін қалыптастыру. ҚР ең алғашқы Елбасы туралы түсінік беру. Әнді сезіну арқылы Отанды сүйуге, қастерлеуге баулу. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қазақ бии» қимылдары 2. Музыка Тақырыбы: «Ауылым» (Ө. Бейсеуов.) Мақсаты: Әнді қайталау, әнді сезіну арқылы Отанды сүйуге, қастерлеуге баулу. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қазақ бии» қимылдары	
---------	---------------	--	---	--	---	--

III анға	Тәуелсіз Қазақстан	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тәуелсіздік - ел тілегі!» Мақсаты: Балаларға Отанымыз туралы тереңірек түсінік беру. Ептілік, күштіліктерін дамыту. Допты тік төмен еденге лақтыру және секіргенне кейін қос қолмен қағып алауды үйрету. Қос аяқпен бірдей екпінмен итеріліп және алдыға қарай секіруде жартылай бүгілген аятың ұшына түсуді бекіту. Демін бөгемей,еркін демала білуін қалыптастыру. Қю: «Қасқыр мен лақтар» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қазақстан -ең әдемі мемлекет» Мақсаты: Балаларға Отанымыз туралы тереңірек түсінік беру Гимнастикалық орындық бойымен ішпен,орындықтың шетінен ұстап,қолмен тартылып еңбектеу. Допты бір-біріне лақтырып,оны екі жағынан бірдей еркін қол қимылдарын қағып ала білуді бекіту. Қолдары иықта, сызықтан асып кетпей аятың ұшымен жүруге жаттықтыру. Қю: «Тұлпар» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қазақстан тәуелсіз мемлекет» Мақсаты: Балаларға Отанымыз туралы тереңірек түсінік беру. Қос аяқпен бірдей екпінмен итеріліп және алдыға қарай секіруде жартылай бүгілген аятың ұшына түсуді бекіту.Демін бөгемей,еркін демала білуін қалыптастыру. Қолдары иықта, сызықтан асып кетпей аятың ұшымен жүруге жаттықтыру. Қю: «Өз түсінді тап»	«Сөйлеуді дамыту» Тақырыбы: «Отан» өлеңі М.Хәкімжанова Мақсаты: Балаларды өлең мазмұнымен таныстыру. Отанды, туды құрметтеуге тәрбиелеу арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. «Көркем әдебиет» Тақырыбы: «Қазақстан – Республикам менін» Мақсаты: Қазақстан Республикасы туралы әңгімелеу, балалардың ой - өрісін дамыту, еліне, жеріне, Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	Математика негіздері Тақырыбы: «Біз бақытты баламыз» Мақсаты: Цифрді заттың санымен сәйкестендіруге үйрету. Кеңістік қарым-қатынасты туралы түсініктерін қалыптастыру, геометриялық фигураларды туралы білімдерін бекіту, жыл мезгілдері туралы өткенді пысықтау «Құрастыру» Тақырыбы: «Бәйтерек» монументі (қағаздан құрастыру, жұптық жұмыс) Мақсаты: Қазақстан астанасы - Астана екендігін меңгерту. Астанадағы Бәйтерек ғимараты туралы түсінік беру. Бәйтерек ғимаратын қатты қағаздардлы дұрыс қолдана отырып, құрастыруға үйрету. Туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, қағаз бөлшектерін бір – біріне желімдеу, бұрыштары мен жақтарын бүктеп, беттестіру іскерліктерін дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Бізді қоршаған табиғат» Мақсаты: Жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту. Көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, зейінін дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылықты тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Бәйтерек» Мақсаты: Дәстүрден тыс алақанмен сурет салуға, саусақпен дөңгелек салуға, түрлі түсті бояулармен бояуға, бейнені қағаздың ортасына салуға үйрету. Саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту. Жапсыру Тақырыбы: «Біздің шырша» Мақсаты: Балаларды Отанын, елін, жерін сүйюге, қастерлеуге үйрету. Тәуелсіз ел екенімізді ұғындыру. Жаңа жыл қарсаңында шырша тойын қарсы алатындығын түсіндіре келе қағаз бетіне әдемі шырша суретін қиып, жапсыру және оны безендіруді үйрету. Елін, жерін, халқын құрметтеуге тәрбиелеу. Қол икемділігін дамыту. 1.Музыка Тақырыбы: «Тәуелсіздік ел ұраны» (Г. Жотаева.) Мақсаты: Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне, туған жеріне, деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Сылдырмақпен би»	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Менің елім - Қазақстан» Мақсаты: Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайы туралы әңгімелеп беруге үйрету. Отанына, оның өткені мен бүгініне қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру.
----------	--------------------	--	---	---	---	---

IV анги	Қызыл кітап	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қызыл қасқыр» Мақсаты: Қызыл кітапқан енген жабайы жануарларды қорғауға үйрету. Жоғары тіреуіште денесін тік ұстауды сақтап жүруді үретуді жалғастыру. Гимнастикалық орындық бойымен ішпен, қолмен тартылып еңбектеуді бекіту. Қ/о: «Қорықпай мын» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қоңыр аю» Мақсаты: Балалардың Қызыл кітап туралы түсініктерін молайту. Саптізбекте бір-бірден сапқа тұру, шашырап жүруде кеңістікті бағдарлау және саптізбекте өзінің орнын жылдам таба білуге үйретуді жалғастыру. Жоғарғы тіреуіште жүргенде тепе-теңдікті сақтап және денені тік ұстап, заттардың үстінен аттай білуді бекіту. Допты тік төмен еденге лақтыру және секіргеннен кейін қос қолмен қағып алау. Қ/о: Қарғалар» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Барыс» Мақсаты: Қызыл кітаптың маңызы зор. Ол жойылып бара жатқан аң құстарды, өсімдіктерді қорғауға тәрбиелеу. Гимнастикалық орындық бойымен ішпен, қолмен тартылып еңбектеуді бекіту. Допты тік төмен еденге лақтыру және секіргеннен кейін қос қолмен қағып алау. Қ/о: «Сайқымазақтар биі»	«Сөйлеуді дамыту» Тақырыбы: «Қызыл кітап деген не?» Мақсаты: Қызыл кітап туралы әңгімелеу. Қызыл кітап табиғат қорғаудың негізгі іргетасы, экологиялық білім мен тәрбие берудің қайнар көзі екенін түсіндіру. Өз ойын дұрыс жеткізе білуді, сөйлемдерді толық сөйлеуге үйрету. Сөздік қорларын негізгі сипатты білдіретін сөздер: зұлым, арамтамақ, қорқақ сөздерімен кеңейту. Орыс тілі Тема: «Животные Красной книги Казахстана» Цель: Познакомить с дикими животными занесенными в Красную книгу Казахстана, научить различать по внешнему виду и называть этих животных. Дать понятие "Красная книга". Закреплять навыки слушания рассказа; правильно ставить ударения при произношении слов, развивать связную речь. Формирование навыков ответа на элементарные вопросы (Кто?, Что?, Какой?, Сколько?). Проявлять бережное отношение к природе. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жабайы аңдар мен құстар» (әңгімелеу) Мақсаты: Балаларды Қазақстанның жабайы аңдары мен құстарының атаулары бойынша әңгімелету.	Математика негіздері Тақырыбы: «Көк құс-бақыт құсы» Мақсаты: 3 саны мен цифр туралы өткенді пысықтау. 1,2,3,4 цифрларын заттың санымен сәйкестіруді жалғастыру, үшбұрыш, тіктөртбұрыш сияқты геометриялық фигуралар туралы өткенді пысықтау; өзіне қатысты тұрғыда заттың орналасуын (оңға, солға, оңға) анықтай білуге үйрету. анықтай білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қазақстанның Қызыл кітабы» Мақсаты: Табиғаттың өсімдіктер мен жануарлар әлемінің баға жетпес құндылық екені туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауларын, шығармашылық қиялын дамыту. Оқу қызмет барасында эстетикалық тәрбие беру, табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Біздің әсем шыршамыз» Мақсаты: Балаларға жаңа жыл туралы түсініктерін жалғастыру, жаңа жылдық шыршаның бейнесін сала білуге үйрету, шыршаның бұтақтары мен оның тікендерін көлбеу сызықпен үзіліссіз сызып салуға жаттықтыру, қосымша өз бетінше шыршаға ойыншықтар салдыру, бейнені қабылдауын дамыту, түстер мен ырғақты сезіне білуге үйрету арқылы шыдамдылыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Сәмбі» бұтағы Мақсаты: Балаларға сәмбі бұтағы туралы түсінік бере отырып, жағу тәсілі арқылы сәмбі бұтақтарын мүсіндеуді, безендіре алу дағдыларын дамыту, тілдерін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру, табиғатты аялауға тәрбиелеу. 1. Музыка Тақырыбы: «Шырша жыры» (Б. Бейсенова.) Мақсаты: Шығарманы аяғына дейін тыңдауға, әуен сипатын анықтай білуге баулу. Аспаптарда еркін ойнап, игеруге үйрету. Әуенді ойын әрекеттеріне талпындыру, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Сайқымазақтар» биі 2. Музыка Тақырыбы: «Шырша жыры» (Б. Бейсенова.) Мақсаты: Әнді қайталау, аспаптарда еркін ойнап, игеруге үйрету, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Сайқымазақтар» биі	
---------	-------------	---	--	--	---	--

Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Қаңтар айы, 2022 жыл

Мақсаты: Балалардың мәдени – гигиеналық дағдылары туралы білімдерін кеңейту, әрдайым денелерін, бөлмелерін таза ұстауға, сымбатты, әдемі болып өсуге тәрбиелеу

Міндеттері: Баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез – құлық дағдыларын қалыптастыруға тәрбиелеу.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» - 2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	«Таным» - 2,5 Математика негіздері -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық» - 3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5 Музыка-1,5	«Әлеумет» - 0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	Дұрыс тамақтану. Дәрумендер.	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Денсаулық бекетіне саяхат» Мақсаты: Балаларға денсаулық туралы тереңірек түсінік беру. Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Қолдарының төмен-алға қарай қимылдарын аяқтың итерілуін үйлестіріп, орнынан ұзындыққа секіруді орындауда бастапқы қалпын дұрыс қабылдауды үйрету. Залдың барлық кеңістігін пайдаланып, жүру кезінде бір-біріне бөгет жасамай, өзінің орнын жылдам таба білуді бекіту. Қю: «Қасқыр мен қоян» 2. Дене шынықтыру» Тақырыбы: «Тәні саудың – жанысау» Мақсаты: Денімізді сау болуы үшін дұрыс тамақтану туралы балаларға түсінік беру. Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Арақашықтығы 1.5 м екі сапта тұрып,лақтыру күшін сап арасында арақашықтыққа допты бір біне қос қолмен бастан асыра лақтыру. Қю: «Аю мен аралар» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз баламыз шыныққан, денсаулығы мықты жан» Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Залдың барлық кеңістігін пайдаланып,жүру кезінде бір-біріне бөгет жасамай,өзінің орнын жылдам таба білуді бекіту. Қю: «Қамбадағы тышқандар»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Не дәмді?» (ертегі) Мақсаты: Балаларға дәрумендер туралы түсінік беру, оның маңызы және әртүрлігі жайлы түсініктерін қалыптастыру. Ертегі желісі бойынша ненің дәмді екенін ажыратуға, дәмінің айырмашылығын, пішінін айта білуге үйрету, асты қадірлеуге, қастерлеуге тәрбиелеу. Кейіпкерлердің өзара сөйлесуін көркем түрде қолдану арқылы ертегінің ішкі сырын айтылу керек ой түйсін, мән – мағынасын бұзбай байланыстыра баяндай білуге үйретуді дамыту. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алма» ертегісі Мақсаты: Ертегіні оқу және мазмұндау, сөздерге жалғауларды дұрыс жалғап айтуға үйрету, сыйластыққа, адалдыққа тәрбиелеу, танымдық қызығушылықтарын арттыру.	Математика негіздері Тақырыбы: «Суда еритін дәрумендер» Мақсаты: математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету. Заттың санын цифрмен сәйкестендіруге үйрету. Екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету. Заттар тобының тең және тең еместігі туралы түсініктерін дамыту. Таныс заттарды еніне қарай (кең, тар) салыстыру. Тіктөртбұрыш туралы білімін ұштау. Құрастыру Тақырыбы: «Жүзім» Мақсаты: Балаларға дәрумендер туралы айтуды жалғастыру, қағазбен жұмыс жасауға үйрету, қағазды уағдау арқылы жүзімді жасай алуға дағдыландыру және ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Дәрумендер әлеміне саяхат» Мақсаты: Балаларға көкөністердің, жемістердің, сүт тағамдарының дәруменге бай екенін және денсаулыққа пайдасы бар екенін түсіндіру, оларды күнделікті пайдалануда гигиеналық талаптарды қолдануға үйрету; Тағамды қадірлеуге тәрбиелеу. Дәрумені мол тағамдарды пайдануға тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Дәмді алмалар» Мақсаты: Балаларға жеміс-жидектердің пайдалы екенін туралы және таза жуылған күйде пайдалану керектігін түсіндіру. Алманың суретін сала білуге үйрету, алма жемісін салуда өз еркімен бояу түстерін таңдай білу, жоғарыдан төмен қарай қылқаламмен сызықтар жүргізе отырып, толық тегіс бояуға үйрету, ұқырты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, жеміс – жидектерге деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Сәбіз бен алма» Мақсаты: Балаларға дұрыс тамақтану керектігін түсіндіруді жалғастыру. Сәбіз бен алманы қиып алу әдісі арқылы жапсыруға үйрету, ережені сақтай отырып, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу, қиялдарын дамыту. Музыка Тақырыбы: «Мен алманы жақсы көрем» (Д. Қықымов.) Мақсаты: Дұрыс тамақтану мен дәрумендердің ағзаға пайдасын түсіндіру. Әнді табиғи дауыспен, таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Гномдар» биі	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Сүт өнімдері» Мақсаты: Сүттен жасалынатын өнімдер туралы түсінік беру арқылы адам өміріндегі маңыздығы мен пайдасы туралы түсіндіру. Зерттеу жүргізудің қарапайым дағдыларын меңгерте отырып, айраннан биос, иогурт жасауға үйрету, ересектердің еңбегіне қызығушылығын дамыту.

II апта	Ғажайып қыс	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыс қызығы» Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыра отырып, балалардың ой-өрісін кеңейту. Қысқы серуеннің пайдасы туралы айту. Төрт тағандап гимнастикалық орындық бойымен еңбектеуде қолмен аяқтың жұмысын координациялауды үйрету. 2метр арақашықтықта допты бір-біріне лақтыра білу, доптың ұшу бағытын бақылау және ұшып келе жатқан допты бүгілген қолдың жеңіл қимылымен жеңіл қағып ала білуді бекіту. Қо: «Автомобилдьер» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қандай суық қыс деген?» Мақсаты: Қыс мезгілінің құбылыстары туралы балалардың білімдерін кеңейту. Гимнастикалық орындық бойымен де еңбектеуде тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту. Допты алға -жоғары бастан асырмай лақтыру және оны қос қолмен қағып алуды бекіту. Қо: «Ұшақтар» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аппақ, аппақ, жапалақтап» Мақсаты: Қыс мезгілінің құбылыстары туралы балалардың білімдерін кеңейту. Төрт тағандап гимнастикалық орындық бойымен еңбектеуді жалғастыру. Допты бір-біріне лақтыру және оны қос қолмен қағып алу. Қо: «Поезд»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қыс қызығы» (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Балаларды синоним сөздерді айта білуге жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. Ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Зима» Цель: Закрепить знания детей по предыдущей теме, продолжать развивать понимание русской речи. Учить новые слова и фразы по теме «Зима», внимательно слушать текст рассказа и отвечать на вопросы по его содержанию, упражнять в подборе прилагательных к слову «Зима». Формирование навыков понимания и использования в речи слов и выражений. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қыс» өлеңі Авторы: Ә.Дүйсенбиев Мақсаты: Қыс мезгілі туралы түсінік беру. Өлеңді жатқа айта білу арқылы көркем әдебиетке қызықтыру. Сөздік қорын молайту.	Математика негіздері Тақырыбы: «Аппақ қар» Мақсаты: Жыл мезгілі- қыс. 4саны мен цифры туралы өткенді пысықтау. 1,2,3,4 цифрларын заттың санымен сәйкестіруді жалғастыру, үшбұрыш, тіктөртбұрыш сияқты геометриялық фигуралар туралы өткенді пысықтау; өзіне қатысты тұрғыда заттың орналасуын (оңға, солға, оңға) анықтай білуге үйрету. анықтай білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Біздің өлкеге қыс келді» Мақсаты: Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылау дағдыларын дамыту. Құрдастарымен және ересектерімен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Туған өлкенің табиғаты мен қарым – қатынаста адамгершілік - эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Қысқы көрініс» Мақсаты: Көрініс, көкжиек, кеңстік туралы түсініктерін бекіту, суретке байланысты жағымды көңіл – күй туындату, мазмұнын нақты жасауды, қылқаламның толық ұшымен, жеңіл сүйкей жағу тәсілімен оңнан солға қарай бояуға дағдыландыру, сурет салуда қылқаламмен жұмыс жүргізудің әдіс – тәсіліне көңіл бөлу, жыл мезгілінің ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу. «Мүсіндеу» Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшелігіне тоқтала отырып, қыста ойналатын ойындар қыс қызығын арттыра түсетінін түсіндіру. Қыс мезгілінде жасалатын аққаланы ермексаздан мүсіндей білуге үйрету. Ермексазды алақанға салып айналдырып, әртүрлі көлемдегі домалақтар жасау және оларды өзара біріктіруді үйрету, аққала жасауда әртүрлі материалдарды қолдана білуге баулу, табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру арқылы табиғатты аялауға тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Қыс күні» (Ж.Мұхамеджанова.) Мақсаты: Балаларға ормандағы жабайы аңдар туралы түсінік беріп, музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Аю» 2. Музыка Тақырыбы: «Қыс күні» (Ж.Мұхамеджанова.) Мақсаты: Әнді қайталатып, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамытып, балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Шырша» биі
---------	-------------	--	---	---	---

III анги	Күн, су, ауа	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Денің сау болсын!» Мақсаты: Балалардың күн, су, ауа туралы түсініктерін молайту. Түрлі қимылдарды түрлі қарқында музыкалық сүймелдеуге сәйкес: өзінің айналасында айналу, жеңіл және ырғақты секіруді орындауды үйрету. Жоғары тіреуіш бойымен жүруде нық тепе-теңдікті және дене бітімін дұрыс қалпын сақтау, одан аяқтың ұшымен жеңіл түсе білуін бекіту. Қос аяқпен алға қарай секіруге жаттықтыру. Қю: «Шарлар мен бағаналар» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз спортшылар» Мақсаты: Балалардың денсаулық туралы білімдерін одан әрі молайту. Бірнеше сызықтардың үстінен біртіндеп секіру, бір мезгілде қос аяқпен екпінді итерілу, денені алға қарай еңкейтпей, аяқтың ұшымен түсуге үйрету. Түрлі қимылдарды түрлі қарқында музыкалық сүймелдеуді: тізені жоғары көтеріп ырғақты жүруді орындау, бір қалыпты отыруды орындай білуді бекіту. Допты бастан асыра қос қол тәсілімен бір-біріне лақтыруға жаттықтыру. Қю: «Қасқырды аулау» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Таза ауада» Мақсаты: Балаларға үйде жалғыз қалғанда тәртіпті болуға тәрбиелеу. Допты алыстан отыру қалпында бастан асыра лақтыру бүгілген қолдың екпінімен лақтыру күшін беруді үйрету. Аяты өкшемен аяқын ұшымен қою, қолдарын бір қалыпты қимылдарымен, босандау иықтарымен қимыл қарқында төзе білуін бекіту. Қю: «Ормандағы аюда»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ж» және «Ш» дыбыстары Мақсаты: Күн, ауа, су туралы білімдерін кеңейту. Олардың тіршіліктегі құндылықтары, адамға пайдасы туралы білімдерін бекіту. Сөздік қорларын, тілдерін дамыта отырып, тәжірбие арқылы бақылағандарын жеткізу. Табиғатты қорғауға, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Күннің күдіреті» әңгіме Авторы: Ж. Әбдірейұлы Мақсаты: Табиғат жөніндегі түсініктерін қалыптастыру, табиғат әсемдігін көре білуге, әңгімелеуге баулу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Күннің күдіреті» Мақсаты: 5-ке дейін санауды жалғастыру. Реттік және есептік санауды ажырата білуге үйретуді жалғастыру, кеңістік байланысы (сол жағында, оң жағында) туралы түсінігін нығайту, достыққа ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Қардан соққан аққала» (табиғи және қалдық материалдармен жұмыс) Мақсаты: Балаларға қардың қыс мезгіліндегі жауын – шашын, ерісе су болатынын түсіндіру. Қарды және табиғи материалдарды қолдана отырып, аққала құрастыруды үйрету. Шығармашылық қиялын, көркемдік талғамын арттыруға тәрбиелеу. Балалардың құрастыру іскерліктерімен дағдыларын қалыптастыру, өзара жақсы қарым – қатынас орнатып, жұмыс жасау іскерліктерін дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Шуағын шашқан алтын күн» Мақсаты: Жансыз табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту, жансыз табиғатқа танымдық қызығушылықтарын тәрбиелеу. Қоршаған ортаға қамқор көзқарасты тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Күннің мол шуағы» Мақсаты: Балаларға табиғаттағы өзгерістерді байқауға үйрете отырып, күннің, судың, ауаның маңызы адам үшін, тіршілік үшін өте қажет екенін түсіндіруді жалғастыру. Жылы түстер реңктерімен таныстыру, әрбір түстің қандай мінез – құлықты, көңіл – күйді білдіретінін, түсті бейнелейтін заттың сипатына қарай қолдану керек екенін түсіндіру, нәзіктікке тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Күн көзі» Мақсаты: Балаларға табиғаттағы өзгерістерді байқауға үйрете отырып, күннің, судың, ауаның маңызы адам үшін, тіршілік үшін өте қажет екенін түсіндіруді жалғастыру. Күннің көзінен әдемі аппликация жасауға үйрету. ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Күн мен жаңбыр» (Г. Абдрахманова.) Мақсаты: Балаларға күн, су, ауаның пайдасы туралы түсінік беру. Музыканы тыңдауға, ілесе айтуға шақыру, би ырғақтарын жасауға талпындыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Шөжелерім»	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Су туралы не білеміз?» Мақсаты: Балаларды судың қасиетімен, құрамымен таныстыру (дәмі, түсі, иісі); судың тіршілік иесі үшін мәні, қажеттілігі туралы түсінігін кеңейту.
----------	--------------	--	--	--	--	---

IV анги	Үйде жалғыз қалғанда	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз батырмыз» Мақсаты: Балаларға спорттың денсаулыққа пайдалы екендігін кеңінен түсіндіру. Біртіндеп бес жіптің үстінен секіру. Аяты өкшемен аяқын ұшымен қою, қолдарын бір қалыпты қимылдарымен, босандау иықтарымен қимыл қарқында төзе білуін бекіту. Қю: «Торғаймен мен балапандар» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз батырмыз» Мақсаты: Балаларға спорттың денсаулыққа пайдалы екендігін кеңінен түсіндіру. Біртіндеп бес жіптің үстінен секіру. Аяты өкшемен аяқын ұшымен қою, қолдарын бір қалыпты қимылдарымен, босандау иықтарымен қимыл қарқында төзе білуін бекіту. Қю: «Торғаймен мен балапандар» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бағдаршам» Мақсаты: Балаларға бізді қоршаған әлем туралы түсінік беру. Жалаушалардың арасынан еңбектеуге үйрету, қолмен аятың жұмысын координациялау. Доп ұстаған қолын бастың артына қарай апару, доптың ұшуына алға-жоғары қарай бүгілген қолдары екпінді жазылуымен дұрыс траектория бере білуді бекіту. Қю: «Ұшты-ұшты»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қауіпсіздікті болдырмайық!» Мақсаты: Балаларға қауіпсіздік ережесі туралы түсінік беру. Күнделікті өмірдегі жағымсыз жағдай болудың алдын-алатын және күтпеген оқиғалардан өзін сақтандыратын іс-әрекеттердің қарапайым ережелерімен таныстыру арқылы өз ойларынан әңгіме құрай білуге дағдыландыру, құрдастарының арасында ойларын еркін жеткізе білу, оларды тыңдай білуге үйрету. Орыс тілі Тема: «Если ты один дома» Цель: Уточнить представления детей об опасных для жизни предметах. Обогащать словарь детей названиями электроприборов, об их значении для людей. Развивать понимание русской речи, умение правильно отвечать на вопрос "Сколько?". Продолжать учить считать в пределах 5. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Әдепті баламыз» өлеңі Авторы: М.Төрежанов (көркем әдебиет хрест. 154 бет) Мақсаты: Өлеңді оқи отырып, балаларға үйде жалғыз қалғанда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету, үлкендердің көмегіңізді күйіпті заттарды пайдалануға болмайтындығын түсіндіру.	Математика негіздері Тақырыбы: «Қорықпаймын» Мақсаты: Өзіне қатысты тұрғыда заттардың кеңістікте орналасуын анықтай білу дағдыларын бекіту, геометриялық фигуралардың орналасу ретін түсіндіру, 1 цифрын 1 санының таңбасы ретінде таныстыру. Үлгіні пайдалана отырып, санды жазып үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Мен жалғыз болғанда» (бейнетаспа қарау, жағдаят келтіру) Мақсаты: Балалардың тұрмыста қауіпсіздік мінез – құлықтарын дамыту (балабақшада және үйде қозғалыс ойындарында қауіпсіздік ережелерін сақтау, ересектердің рұқсатынсыз өткір заттарды, электр құрылғыларды ұстауға, отпен ойнамауға, бөтен адамдарға есікті ашпауға, қайшымен жұмыс жасағанда техника қауіпсіздігін сақтауға). Серуендеу кезінде мінез – құлық қауіпсіздіктерін сақтау ережелерін (бөтен адамдармен, иттер мен мысықтармен кездескенде абай болу, серуен кезінде ересектерден алыстамауға, белгісіз саңырауқұлақтар мен жидектерді термеу) бекіту.	Сурет салу Тақырыбы: «Теледидар» Мақсаты: Балаларға қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін кеңейте отырып, теледидар туралы білімдерін толықтыру. Үйде жалғыз қалғанда қауіпсіздік сақтау, сақтандыру ережелерін таныстыруды жалғастыру. Төртбұрышты пішіннен теледидар суретін салуға үйрету. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Теледидар» Мақсаты: Балалардың тұрмыста қолданылатын электротехникалық заттар туралы білімдерін кеңейту. Олардың пайдасы мен зияны туралы ұғындыру. Теледидар жайлы ұғымдарын кеңейте отырып, ермексазdan теледидар жасауға үйрету. Ермексазды алақан арасына салып есуді, домалақтау тәсілдерін үйрету. 1. Музыка Тақырыбы: «Біз ойнаймыз, ойнаймыз» (М.Дауылбаев.) Мақсаты: Балалармен қыс туралы әңгімелесіп, қыс қызығы туралы балалардан сұрақ-жауап алмасу. Музыканы тыңдап, ырғақты сезіне білуге баулу. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жүгіреміз, жүреміз» 2. Музыка Тақырыбы: «Біз ойнаймыз, ойнаймыз» (М.Дауылбаев.) Мақсаты: Өнді қайталап, әуен ырғағын тыңдап, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамытып, балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Серуендейміз, билейміз»	
---------	----------------------	--	--	---	---	--

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Ақпан айы, 2022 жыл

Мақсаты: Балаларға қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту. Қоршаған ортаның әдемілігімен оған деген қамқорлық қарым – қатынасқа байланысты мейірімді сезімдерге тәрбиелеу.

Міндеттері: Ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерген баланың тұлғасын дамытуға тәрбиелеу.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» - 2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	«Таным» - 2,5 Математика негіздері -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық» - 3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5 Музыка-1,5	«Әлеумет» - 0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	Ұнады, жүзеді, жүреді. Жол ережелері	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ұшақтар» Мақсаты: Балаларға жол ережесі туралы түсінік беру. Сақтық шараларына дайындау. Аяқтың өкшесінен аятың ұшына ауысуды, қабырғалы тактай бойымен жүруде нық тепе теңдікті сақтауды үйрету. Жалаушалардың арасынан оларға тиіп кетпей еңбектеу, еңбектеуде бағытты солға-оңға жылдам ауыстыра білуін бекіту. Шектелген алаң бойымен қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Қо: «Орныңды тап» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Поезд» Мақсаты: Доп ұстаған қолын бастың артына қарай апару, доптың ұшуына алға-жоғары қарай бүгілген қолдары екпінді жазылуымен дұрыс траектория бере білуді бекіту. Шектелген алаң бойымен қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Қо: «Поезд» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балалар көлігі» Мақсаты: Балалардың бізді қоршаған әлем туралы түсініктерін молайту. Кең адым жасап, жүгіру адымы тактісін қол қимылдары мен үйлестіріп жылдам қарқынмен жүгіруді үйрету. Аяқтың өкшесінен аятың ұшына ауысуды орындау, тепе теңдікті сақтай білуді бекіту. Қо: «Поезд»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Біз тұратын қала» (байланыстырып сөйлеу) Мақсаты: Балаларға көлік түрлерінің атын үйрету, қоғамдық көлікте өзін - өзі дұрыс ұстауға, жол қауіпсіздігін сақтай білуге тәрбиелеу, жолда жүру ережесі туралы түсініктерін жалғастыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ұшақ» өлеңі Ж.Нұрханов Мақсаты: Балаларды өлеңді жатқа және мәнерлеп айтуға үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, сөздік қорын молайту, есте сақтауын, танымдық қабілеттерін дамыту.	Математика негіздері Тақырыбы: «Кеме» Мақсаты: цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету. Кеңістік қарым қатынастары туралы (сол жақ, оң жақ, үстінде, ортасында, алдында) геометриялық фигуралар туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы білімдерін толықтыру. Құрастыру Тақырыбы: «Машиналар» Мақсаты: Машинаның түрлерін қайталай отырып, бөліктері туралы білімдерін толықтыру. Машинаны оригами әдісі бойынша құрастыру жолдарымен тансытыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ұшамыз, жүземіз, барамыз» (дидактикалық ойын) Мақсаты: Көліктің әртүрлі түрлерін ажыратуға, атауға үйретуді жалғастыру, көліктердің ауа, су, жер асты топтарына бөлінетіні туралы түсінік беру, машинаның құрылысы (машиналар жерде жүреді, тікұшақтар ұшу, ал кемелер жүзу үшін), оның қолданыста қолданылуына байланысты екендігін айту. Көлік жұмысшыларының еңбектерін құрметтеуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Зымыран» Мақсаты: Балаларға бізді қоршаған әлем оның ішіндегі ауа, су көлігі және жердегі көліктер туралы толық түсінік беруді жалғастыру. Сурет салуда ғарыш әлеміне ұшатын көлік бұл-зымыранның суретін салуға үйрету. Еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа, батылдыққа тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Қайық өзен бойымен жүзіп келеді» Мақсаты: Балаларға су көлігі қайық туралы түсінік бере отырып, тікбұрышты қиғашынан қиюға, тікбұрыштың бұрыштарын қиюға үйрету, композицияны мағынасына сәйкес қосымша пішіндермен толықтыру. Музыка Тақырыбы: «Бозторғай» (Е. Құсайынов.) Мақсаты : Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Өнді көңілді, ашық дауыспен таза орындауға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Шөжелерім»	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Жолда жүру ережесі» Мақсаты: Балаларды бағдаршам белгілерімен, жолда жүру ережелерімен таныстыруды жалғастыру, жаяу жүргіншілер жолы, көше жиегіндегі жол (тратуар), медициналық көмек пункті белгілерімен таныстыру. Жол жиегіндегі жолмен (тратуар) балалар жолдан ата – аналарының көмегімен өту қажеттігін, жаяу адамның көлікті аялдамада күтетіндігін, көлік ішінде ешкімге кедергі жасамай тәртіп сақтау керектігін түсіндіру.

II апта	Арнайы көліктер	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жедел жәрдем көлігі» Мақсаты: Балаларға арнайы көліктер туралы, ол көліктердің атқаратын қызметтері туралы тереңірек түсінік беру. Қос аяқпен бір құрсаудан екінші құрсауға секіруді, қолдың төмен алға қарай қимылын аятың екпінді итерілуімен үйлестіруді, бүглеген аяқтың ұшымен жеңіл жерге түсуін үйрету. Жылдам жүгіруде денесін дұрыс ұстау: қимылдауға байланысты денесін аздап еңкейту, иықтарын босандау ұстау, алға қарау, жүгіру мен жүруді кезектестіре білуді бекіту. Қю: «Ұшақтар» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қызметкерлер көлігі» Мақсаты: Балаларға арнайы көліктер туралы, ол көліктердің атқаратын қызметтері туралы тереңірек түсінік беру. Аяқтың өкшесінен аятың ұшына ауысуды орындау, тепе теңдікті сақтай білуді бекіту. Допты алысқа лақтыруға жаттығу. Қю: «Торғайлар мен көлік» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сымсыз телефон» Мақсаты: Балалардың байланыс құралдары туралы түсініктерін молайту. Отыру қалпында допты бастан асыра лақтыру, бүгілген қолдың жазылу екпінімен лақтыру күшін беруді үйрету. Бір шеңберден екінші шеңберге бітіндеп секіру, бір мезгілде қос аяқпен екпінмен итеру, денені алға қарай еңкейте аятың ұшымен жерге түсе білуін бекіту. Қю: «Сымсыз телефон»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бұл қандай көліктер?» (дидактикалық ойын) Мақсаты: Балаларға арнайы көліктер туралы мағлұмат беру, әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру, көлікте жұмыс жасайтын адамдарға сыйластықпен қатынас жасауға тәрбиелеу. Көлік түрлерінің адамға қажеттілігі, атқаратын міндеті туралы әңгімелеу. "З", "Ж" дыбыстарының дұрыс айтылуын түсіндіру. Орыс тілі Тема: «Транспорт» Цель: Продолжать обогащать словарь детей лексическим материалом по темам занятия. Вводить в активный словарь названия транспорта, использовать в речи подходящие по смыслу глаголы и прилагательные. Развивать устойчивость внимания, закреплять правильное произношение согласных звуков. Воспитывать коммуникативные навыки. Көркем әдебиет Так: «Көлік жүргізушісі кім?» (әңгімелету) Мақсаты: Балалардың көлікті кім жүргізетіні туралы білімдерін кеңейту. Көлікпен таныстыруды жалғастыру. Көліктің бөлшектерін білу және атау. Жолда қызмет ететін ересектердің еңбектеріне қызығушылықтарын тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Жедел жәрдем көлігі» Мақсаты: Цифр мен санды сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру. Математикалық жұмбақтар шешу арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Заттардың орналасу ретін сөзбен баяндау, ұзындығы бойынша 5 заттың арасындағы сәйкестікті табу қабілеттерін дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: « Көлік түрлері» Мақсаты: Қоғамдық: автобус, ұшақ, кеме, поезд, трамвай туралы түсінік беруді жалғастыру. Өрт сөндіруші және жедел жәрдем медицина көлігімен таныстыру. Адам өмірі мен еңбегін жеңілдететін көліктің маңызын түсіндіру.	Сурет салу Тақырыбы: «Жүк көлігі» Мақсаты: Балаларға көліктер туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Тік төртбұрыш пен шаршыны түйістіріп салып, дөңгелектердің суретін салуды үйрету. Балалардың шығармашылығын дамыту. Еңбекке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Мүсіндеу Тақырыбы: «Автобус» Мақсаты: Балаларға біздің қоршаған әлем оның ішіндегі ауа, су көлігі және жердегі көліктер туралы толық түсінік беруді жалғастыру. Бірнеше бөліктерден тұратын заттарды мүсіндеуге, оларды дұрыс біріктіріп, негізгі бөлігіне қысу арқылы дұрыс қосуға үйрету. Қол қимылдарын дамыту. Достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. 1. Музыка Тақырыбы: «Көліктер дауысы» Мақсаты: Балалармен көліктер туралы әңгімелесіп, ән-күйлерді тыңдатып, қабылдау, есте сақтау, музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Поезд» 2. Музыка Тақырыбы: «Көліктер дауысы» Мақсаты: Әнді қайталап, ән-күйлерді тыңдатып, қабылдау, есте сақтау, музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қуыршақпен билейміз»	
---------	-----------------	---	---	---	---	--

III анги	Электроника әлем. Байланыс құралдары	1. Дене шынықтыру Тақ: «Электроника әлемі» Мақсаты: Балалардың байланыс құралдары туралы түсініктерін молайту. Рейканы дұрыс ұстау (4 саусақ үстінен,1 астынан) гимнастикалық қабырға бойымен жоғары қарай кезектестірілген адыммен өрмелеу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді орындауды үйрету.Доп ұстаған қолын бастың артына қарай апру, доптың ұшуына алға жоғары қарай бүгілген қолдары екпінді жазылумен дұрыс траектория бере білуді бекіту. Қю: «Түрлі түсті автомобильдер» 2. Дене шынықтыру Тақ: «Ғаламтордан келген хат» Мақсаты: Балалардың байланыс құралдары туралы түсініктерін молайту. Бір шеңберден екінші шеңберге бітіндеп секіру,бір мезгілде қос аяқпен екпінмен итерулу,денені алға қарай еңкейте аятың ұшымен жерге түсе білуін,үйрету, гимнастикалық қабырға бойымен жоғары қарай кезектестірілген адыммен өрмелеу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді орындауды бекіту. Қю: «Ұшты-ұшты» 3. Дене шынықтыру Тақ: «Жалауша» Мақсаты: Балалардың бізді қорша Ған әлем туралы түсініктерін молайту. Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары қарай кезектестірілген адым мен өрмелеу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіре білуін бекіту. Малдас құрып отыру қалпында допты бастан асыра лақтыру. Қю: «Жалаушаны жеткіз»	Сөйлеуді дамыту Тақ: «Ц» және «Ч» дыбыстары Мақсаты: Балаларға тұрмыстық заттарды атауын меңгерте отырып, сөздік қорларын дамыту, олардың атқаратын міндетімен таныстыру, жинақыл, тазалыққа тәрбиелеу, танымдық қызығушылықтарын арттыру. Өз еріктерімен тұрмыстық заттар туралы сипаттап әңгімелеуді жалғастыру. Сөздер мен сөйлемде «Ц», «Ч» дыбыстарын айту. Дыбыс қарқынын өзгертуге үйрету. Көркем әдебиет Тақ: «Телефон» өлеңі Авторы: К. Чуковский Мақсаты: Өлеңді оқи отырып, мағынасын түсіндіру, телефонның өмірдегі пайдасы туралы айту, оны күтіп-баптауға үйрету. Хрест. Қарлығаш 174 бет.	Математика негіздері Тақырыбы: «Шаңсорғыш» Мақсаты: Заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету. Екі топтағы заттарды салыстыруға жаттығу, заттар тобының тең және тең еместігі туралы түсініктерін дамыту. Таныс заттарды еніне қарай (кең, тар) салыстыру. Тіктөртбұрыш туралы білімін ұштау. Құрастыру Тақ: «Теледидар» Мақсаты: Тұрмыстық заттарды қайталай отырып, теледидар жайлы білімдерін толықтыру, сіріңке қораптарын қолданып, теледидарға керекті пішіндерді дұрыс тандап алуға үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақ: «Біз не үшін керекпіз?» (затты суреттерді қарау немесе бейнетаспаны көру, әңгімелесу) Мақсаты: Тұрмыстық электртехника заттары – теледидармен, кір жуу машинасымен, қысқа толқынды пештермен таныстыру. Адам өмірі мен еңбегін жеңілдету үшін тұрмыстық техниканың мағынасын түсіну біліктілігін дамыту. Тұрмыс заттарына деген ұқыпты қарым – қатынас дағдыларын тәрбиелеу.	Сурет салу Тақ: «Қандай заттың пішіні шаршыға ұқсайды?» Мақсаты: Балаларға байланыс құралдарымен таныстыруды жалғастыру. Шаршы пішіндес заттардың суретін салуды үйрету, шығармашылық қабілеттерін, ой – қиялын дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшері, қолдың қимыл – қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру, жан – жақтылыққа тәрбиелеу арқылы балалардың ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жапсыру Тақырыбы: «Радио» Мақсаты: Балаларға байланыс құралдарымен таныстыруды жалғастыру. Шаршы немесе тіктөртбұрыш пішіннен келтіре отырып, радио құрылғысын түрлі - түсті қағаздан қиып, жапсыруға үйрету. Балалардың ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. 1.Музыка Тақырыбы: «Телефон» (С. Қалиев.) Мақсаты : Балаларға телефон туралы түсінік бере отырып, түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдауды, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Шырша»	Қоршаған ортамен танысу Тақ:«Ақпараттық құралдар» Мақ: Балаларға теледидар, радио,телефон, компьютердің ақпараттық құралдар түріне жататындығы туралы түсіндіру. Қарапайым ақпарат көздерін қолдану дағдыларын жетілдіру. Ересектер мен әңгімелесуге, әдеби шығармаларға, телехабарларға, компьютерлік ақпараттар және оның мазмұнына қызығушылығын қалыптастыру.
----------	--------------------------------------	--	--	--	--	---

IV анги	Заттардың қасиеті	1. Дене шынықтыру Тақ: «Ойнағанды жақсы көреміз» Мақсаты: Заттардың қасиетін түсіндіру. Оң жаққа қарай тізесінің бүгілгенін байқатпай, бір қырындап жүруді, арқасын және басын тік ұстауға орындауға үйрету. Гимнастикалық орындық үстімен жүру, тізесін жоғары көтеру және екпінді қозғалыспен аяқтың ұшына тұру, денені тік ұстап, нық тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту. Еденге жанымен қойылған сатының көлденең салмасының арасынан еңбектеуге жаттықтыру. Қ\о: «Көлеңке» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Үйшік» Мақсаты: Малдас құрып отыру қалпында допты бастан асыра лақтыру. Еденге жанымен қойылған сатының көлденең салмасының арасынан еңбектеуге жаттықтыру. Қ\о: «Өз үйінді тап!» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Дос болайық!» Мақсаты: Балаларға салт-дәстүрлер, аналар мерекесі туралы тереңірек түсінік беру. Көктем мезгілі туралы түсінік беру. Тізенің бүгілгенін байқатпай, иықтарын бұрмай, сол жаққа бір ырғақпен жүре білуді бекіту. "жыланша" жүгіру, заттардың арасымен бағытты өзгерте жүгіре білуді жетілдіруге жаттықтыру. Қ\о: «Гүл сыйлаймыз»	Сөйлеуді дамыту Тақ: «Қуыршақ бізге қонаққа келді» Мақсаты: Сызба нұсқасы бойынша бейнелі әңгіме құрастыра білуге, жасалуы бірдей заттарды топтастыруға, сөйлеу барысында: ағаштан, шыныдан, пластмассадан деген сөздерді қолдана алуға үйретуді жалғастыру. материалды ескере отырып, заттар мен нысандарды іріктеу. Орыс тілі Тема: «Из чего сделаны вещи?» Цель: Познакомить детей с природными материалами из которых сделаны различные вещи и предметы. Углубить представления детей о различных материалах, из которых сделаны окружающие их предметы: металле, дереве, пластмассе, резине. Учить детей называть на русском языке, из чего сделаны те или иные предметы. Көркем әдебиет Тақ: «Ойыншықтар» өлеңі Авторы: Нұрсұлтан Әлімқұлов Мақсаты: Өлең мәтінін түсініп, жатқа айта білуге үйрету, ой – өрісін дамытып, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Сықырлы сандар» Мақсаты: математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету, заттың санын цифрмен сәйкестіруді әрі қарай жалғастыру, кеңістік байланысы (сол жағында, оң жағында) туралы түсінігін нығайту, достыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақ: «Металл мен ағаш қасиеттерімен танысу» (ізденушілік – тәжірибелік іс - әрекет) Мақсаты: Балаларды ағаш пен металдың қасиеттерімен (металл суық материал, ағаш жылы материал, металл ағашқа қарағанда берік және ауыр) таныстыру. Балаларға адамдар заттарды жасағанда осы материалдардың қасиеттерін қалай қолданатынын көрсету, балаларға заттарды зерттеп, себеп-салдарлық байланыс орнатуға үйрету. Қоршаған заттарға деген қамқорлы қарым-қатынасты және еңбек адамдарына деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу.	Сурет салу Тақ: «Қуыршақ - құламақ» Мақсаты: Қуыршақ құламақтың қасиеті және неден жасалғаны, атқаратын қызметі туралы түсіндіру. Түрлі – түсті қарындаштармен бірнеше домалақ пішіндерден тұратын ойыншықты бейнелеуге үйрету. Мүсіндеу Тақ: «Әдемі кесе» Мақсаты: Ыдыстың шығу тарихымен, ыдысты жасайтын материалдар түрімен (тас, әйнек, ағаш, металл, қыш, пластик) таныстыру. Балалардың танымдық іс - әрекетін, ой - өрісін дамыту. Дөңгелек ермексаздың ішін шұңқырлау арқылы кесе жасау, кесені әшекейлеу тәсілін үйрету, балаларды өз бетінше жұмыс істей алуға дағдыландыру. Тілдерін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. 1. Музыка Тақ: «Қасиетті домбыра» (Б. Бейсенова) Мақсаты: Балаларға домбыра туралы түсінік беріп, ән-күйлерді тыңдатып, қабылдау, есте сақтау, музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу» 2. Музыка Тақырыбы: «Қасиетті домбыра» (Б. Бейсенова) Мақсаты: Әнді қайталап, ән-күйлерді тыңдатып, қабылдау, есте сақтау, музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Сәукеле»	
---------	-------------------	---	--	--	---	--

Өтпелі тақырып: «Салт-дәстүрлер мен фольклор»

Наурыз айы, 2022 жыл

Мақсаты: Балаларға ұлттық әдет ғұрып, салт – дәстүр туралы түсініктерін кеңейту, тарихи құндылықтарына деген қызығушылықтарын ояту, өз халқына мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу, мәдени мұра туралы түсініктерін бекіту.

Міндеттері: Халықтық дәстүрді құрметтеп, ұлттық салт – дәстүрлердің маңызын түсіндіру, ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» - 2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	«Таным» - 2,5 Математика негіздері -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық» - 3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5 Музыка-1,5	«Әлеумет» - 0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз батырмыз» Мақсаты: Балаларды аналарды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Көктем мезгілінің ерекшеліктерін айту. Тұрып 2 метр арақашықтан допты қолды көтерілген биіктікте тартылған жіптен асырып лақтыру. Орындықтан секіргеннен кейін, басты және денені тік ұстап, алдыға қарап,тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту. Қо: «Соқыр теке» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қызықты балалар» Мақсаты: Аналарды сыйлай білуге баулу. "Жыланша"жүгіру, заттардың арасымен бағытта өзгерте жүгіре білуді жетілдіруге жаттықтыру. Қо: «Сыйлықтар» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Әуе таяқ» Мақсаты: Балаларға ұлттық құндылықтарымыз салт-дәстүр туралы тереңірек түсінік беру. Көлденең бағытта қолдарын бір көлденең салманы ұстап және оң жаққа қырындап жүріп гимнастикалық қабырғаның бірінен екіншісіне өтуді үйрету. Допты қолды көтергендегі биіктікте тартылған тордан асыра екпінмен лақтыру, 2 метр арақ тұрып,допты алдағы-жоғары бағытта білуді бекіту. Қо: «Әуе таяқ»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ертегіде қонақта» (таныс ертегілерді қойылымдық жабдықтары арқылы әңгімелеу) Мақсаты: Балаларды сурет бойынша өздеріне таныс ертегілердің мазмұнын қысқаша баяндай білуге үйретуді жалғастыру. Сөздік қорларын сөйлеу барысында қолдана білулерін белсендіру, үлкенге, кішіге көмек бере білуге тәрбиелеу. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және сұрауға және сұраққа жауап беру білігін дамытуды жалғастыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Атасының ақылы» әңгіме. С.Сейтенов Мақсаты: Балаларды әңгімені тыңдай білуге үйрету, үлкен адамның айтқан нақыл сөздеріне көңіл бөлуге баулу. Қазақтың мақал – мәтелдеріндегі ұлағатты сөздерді меңгерту. Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Пішіндер қонақта» Мақсаты: Үлгі бойынша санауға үйрету. Өзгеше орналасқан (шеңбер, сопақша) заттар тобын теңістіруді үйрету. Әртүрлі арақашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең емес еместігін анықтау. Кеңістікті бағдарлауға үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Кітапша» Мақсаты: Балаларға кітап туралы білімдерін бекіту, кітаптың пайдасы туралы айту. Кітапша құрастыруда пішінді дұрыс таңдауға үйрету, қағазды қос бүктеу арқылы кітапша жасай білуге үйрету, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Болады-болмайды» (тыйым сөздер) Мақсаты: балаларды тийым сөздермен таныстыру, олардың мағынасын ұғындыру, жаттата отырып, есте сақтау қабілеттерін арттыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Ертегілер елінде» Мақсаты: Балаларға ертегілер туралы түсініктерін жалғастыру, ойларын жинақтай білуге үйрету. Балаларды әсемдікке, тазалыққа тәрбиелеу. Ертегі үйін әшекейлеу, өз еркімен жұмыс істеу қабілеттерін, қиялын дамыту. Жапсыру Тақырыбы: «Бауырсақ» Мақсаты: Балаларға ертегілер туралы түсініктерін жалғастыру. Олардың кейіпкерлері туралы сюжеттегі басты кейіпкер бауырсақтың дөңгелек пішінін келтіріп, оны қиып, жапсыруға үйрету. Балаларды еңбекқорлыққа, батылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қол икемділігін дамыту. Музыка Тақырыбы: «Қамажай» (Халық әні) Мақсаты : Балаларға ойын арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу. Әуенге байланысты қимыл жасау. Ойынға белсене араласуды қадағалау. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қара жорға»	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Қазақтың ұлттық ойындары» Мақсаты: Өз халқына деген мақтаныш сезімдеріне тәрбиелеу. Қазақ халқының ұлттық ойындарымен таныстыру. (Қыз қуу, асық ату, көкпар)

II апта	«Өнер көзі-халықта (қолданбалы өнер, ұлттық киімдер, ұлттық бұйымдары т.б.)	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Теңге алу» Мақсаты: Балалардың жылдамдықтарын және ептіліктерін дамыту. Тақтайдың екі басынан бастап жүріп келе жатып, ортасына келгенде бұрылып кейін жүруге нық тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Көлденең бағытта қолдарын бір көлденең салмадан екінші көлденең салманы ұстап және оң жаққа қырындап жүріп гимнастикалық қабырғаның бірінен-екіншісіне өте білуді бекіту. 20см биіктікте төменге секіруге жаттықтыру. Қю: «Теңге алу» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Орамал тастамақ» Мақсаты: Туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілікке баулу. Допты қолды көтергендегі биіктікте тартылған тордан асыра екпінмен лақтыру, 2 метр арақ тұрып, допты алдағы-жоғары бағыттап білуді бекіту. Гимнастикалық орындық бойымен зырғанауды үйрету. Қю: «Орамал тастамақ» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Арқан тартыс» Мақсаты: Балаларға жыл басы наурыз мерекесі туралы тереңірек түсінік беру. Алға қарай жеңіл ырғақты секіртумен қырындап жүруді орындауға үйрету. Тақтайдың екі басынан бастап жүріп келе жатып, ортасына келгенде бұрылып кейін жүруөзінің іс-әрекетінен басқа балалардың іс-әрекетімен үйлестіре білуді бекіту. Фитболды қолдың екпінді қимылдарымен итеріп дамытуға жаттықтыру. Қю: «Арқан тартыс»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Суреттеу бойынша тап» (дидактикалық ойын) Мақсаты: Балаларды заттар мен ойыншықтардың сипаттық бейнесін баяндау арқылы әңгімелеуге үйретуді жалғастыру, балалардың сөздік қорын ұлттық дүниелер атауымен байыту (сандық - әбдіре, малақай – тымақ, желпеуіш, жалғаншаш, теңге сөздерінің мәнін, қолдану аясын түсіндіру). Киімді күтіп киюге тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «В гостях у сказки "Теремок» Цель: Приобщать детей к миру русской народной сказки. Продолжать формировать навык составления рассказа по опорной схеме. Способствовать развитию фонематического слуха, силы голоса, темпа речи. Развивать логическое мышление, память, внимание. Воспитывать умение внимательно слушать воспитателя и сверстников, желание помочь героям. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Әшекей бұйымдар» Мақсаты: Балаларға ұлттық зергерлік жайлы білім беру. Қазақ халқының қолөнері туралы ұғымдарын кеңейту. Зергерлікке тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Үшбұрыштар елі» Мақсаты: Цифрды заттың санымен сәйкестіруді үйрету. Кеңестік қарым -қатынасты туралы түсініктерін қалыптастыру (сол жақта, оң жақта, үстінде, алдында, ортасында) геометриялық фигуралар туралы білімдерін толықтыру; жыл мезгілдері туралы өткенді пысықтау; Жаратылыстану Тақырыбы: «Киіз үйде әжеге қонаққа келу» Мақсаты: Қазақтың үйі – киіз үймен таныстыруды жалғастыру. Киіз үй жиналмалы, сондықтан оны жаңа орынға көшіп, апарып, сонда тез құруға болады. Киіз үйді қазақ халқының дәстүріне байланысты жинауын көрсету. Балаларды қазақ халқының ұлттық киімімен таныстыру. Қазақстанның халықтық қолданбалы өнеріне деген қызығушылығын тәрбиелеу. Заттарға деген қамқорлық қарым – қатынас дағдыларын жетілдіру, киімдерді күту және сақтау ережелерімен таныстыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Атамның тақиясы» Мақсаты: Қазақтың ұлттық киімдері, бұйымдары туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Қазақтың ұлттық бас киімі – тақияны ою - өрнектермен әшекейлей білуге үйрету. Ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту, ою - өрнектегі түс үйлесімділігі мен ырғақты сезінуге, әсемділікті көріп, қабылдай білуге тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Ою өрнекпен безендірілген тәрелке» Мақсаты: Балаларға жаңа тәсілдерді қолданып мүсіндеуге үйрету: ішіне басу, шеттерін созып тарту, оларды бармақтарымен теңестіру тәсілдерін бекіту. Ермексазды созу арқылы ою-өрнекпен тәрелкені безендіруді үйрету. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларына машықтандыру. 1.Музыка Тақырыбы: «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев, Х. Талғаров.) Мақсаты: Балаларға киіз туралы түсінік беріп, ән-күйлерді тыңдатып, қабылдау, есте сақтау, музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Домбыра» биі 2. Музыка Тақырыбы: «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев, Х. Талғаров.) Мақсаты: Әнді қайталап, ән-күйлерді тыңдатып, қабылдау, есте сақтау, музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Домбыра» биі	
---------	---	---	---	---	---	--

III апта	«Біздің салт-дәстүріміз»	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Орындық бетінен екпінді итерілуді секірілуді жартылай бүгілген аяқпен ақырын жерге түсуді үйрету. Бір аяғын алдыға қарай шығарып және екінші аяқтың басын ішке қарай бұрмай, ойын жанына қойып, содан кейін ақырындап отырумен қырындап жүруді кезектестіріп жүруді орындай білуді бекіту. Көтерілген сатының көлденең тақтайшаларынан тізесін жоғары көтеріп және денесін тік ұстауға жаттықтыру. Қю: «Ұшты-ұшты» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сақина салмақ» Мақсаты: Фитболды қолдың екпінді қимылдарымен итеріп дамытуға жаттықтыру. Көтерілген сатының көлденең тақтайшаларынан тізесін жоғары көтеріп және денесін тік ұстауға жаттықтыру. Қю: «Сақина салмақ» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Күн мен түн» Мақсаты: Балалардың көктем мезгілі туралы түсініктерін молайту. Бастапқы қалпын дұрыс қабылдауды, допты алдыға-жоғары-алысқа қолдарын түзу ұстап екпінмен лақтыруды үйрету. Басын және денесін тік ұстап алдыға қарап орындықтан секіргенен кейін тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту. Қю: «Арқан тартыс»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Наурыз – Жыл басы» (суретпен әңгіме) Мақсаты: Наурыз мерекесімен таныстыру. «Наурыз тойы» туралы мағұлмат беру. Ұлттық салт-дәстүрмен таныстыруды жалғастыру. Әңгімені тыңдап, түсінуге, әңгімеге қатысуға, сұрақтарға жауап беруге үйрету. Ауызбірлікке, ұлттық дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Наурыз думан» Мақсаты: Қазақ даласына жыл басы Наурыз мерекесінің келгенін айту. Наурыз - Жыл басы, көктемнің алғашқы мерекесі. Малдар төлдеп, ағаштар бүршік атып, тіршіліктің оянған кезі екенін түсіндіріп, ой - өрісін кеңейту. Ұлттық салт –дәстүрді қадірлей білуге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Атқа мінгізу» ұлттық салт - дәстүр Мақсаты: Цифр мен санды сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру. Математикалық жұмбақтар шешу арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Заттардың орналасу ретін сөзбен баяндау, ұзындығы бойынша 5 заттың арасындағы сәйкестікті табу қабілеттерін дамыту. Құрастыру Тақырыбы: «Алтыбақан» Мақсаты: Ұлттық ойын түрімен, алтыбақан құрылысымен таныстыру: орау, бүктеу тәсілін қолдана отырып, қағаз парағының көлемін өзгерту іскерліктерін қалыптастыру; ұлттық дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: "Тақия тастамақ" ойыны Мақсаты: Ұлттық әдет ғұрып, салт дәстүр туралы түсініктерін кеңейту. Ұлттық ойындар атауын соның ішінде тақия тастамақпен таныстыру, оның ойналу жолдарын түсіндіру.	Сурет салу Тақырыбы: «Ұлттық бас киімді әшекейлейміз» Мақсаты: Балаларға ертеден келе жатырған ұлттық баскиімдерді ажырата білуге, баскиімдерді әртүрлі мерекелік шараларда киетіндері туралы толық түсіндіруді жалғастыру. Ою-өрнек элементтерін үшбұрышқа орналастыра білуге үйрету. Көз мөлшерін дамыту. Үлкендердің еңбегін, ұлттық дәстүрімізді сыйлауға тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Дастарханды әшекейлейміз» Мақсаты: Балаларды қазақ халқының тұрмысымен таныстыруды жалғастыру. Пішіндерді бөліп кесуге (шаршыны екі, үш бұрышқа, тікбұрышты екі шаршыға) оларды түрлендіруге, шеңбердің ортасы мен шеттерін қазақтың өрнегінің элементтерімен толтырып, ою құруға үйрету. Музыка Тақырыбы: «Тұсау кесу», «Наурыз» (А. Досмағамбет, Ж. Мұхамеджанов.) Мақсаты : Балаларға Наурыз мерекесі туралы түсіндіріп, қазақтың салт-дәстүрлермен таныстыру. Мерекені музыкамен байланыстыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қамажай» биі	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Наурыз – көктем мерекесі» Мақсаты: Балаларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Шығыс халықтарының Жаңа жылы екенін түсіндіру. Наурызкөже, ұлттық ойын түрлері т.б туралы айту.
----------	--------------------------	--	--	--	---	--

IV апта	«Табиғат оянады»	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бәйшешек» Мақсаты: Табиғат құбылыстары туралы балалардың түсініктерін молайту. Балалардың көктем мезгілі туралы түсініктерін молайту. Көлбеу тақтай бойымен жоғары қарай еңбектеуде қолмен аяқын қимылдарын үйлестіруді үйрету. Қолдарын иықтырынан белсенді түрде алға жоғары асырып және алысқа лақтыру күшін бере білуін бекіту. Бір-шенберден екінші шенберге екі аяғымен бір мезгілде екпінмен итеріліп біртіндеп секіру және ақырындап бүгілген аяқпен жерге түсу. Қю: «Теңге алу» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Табиғат қандай тамаша» Мақсаты: Балалардың көктем мезгілі туралы түсініктерін молайту. Басын және денесін тік ұстап алдыға қарап орындықтан секіргеннен кейін тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту. Көлбеу тақтай бойымен жоғары қарай еңбектеуде қолмен аяқын қимылдарын үйлестіруді үйрету. Қю: «Қыз – куу» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз еңбекқор баламыз» Мақсаты: Балаларға көктем мезгілінің ерекшеліктерін айта отырып, көктемгі еңбек туралы түсінік беру. Орындық бойымен екеуі екі жақтың ортасына дейін барып, қайтадан кейін бұрылып, жоғары тіреуіште тепе-теңдікте сақтауды үйрету. Көлбеу тақтайдың шетінен ұстай білуді алға қарап арқасын тік ұстауды сақтай білуді бекіту. Қю: «Құстар»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көктемде» (суретпен әңгіме) Мақсаты: Көктем мезгілінің ауа райы, ерекшеліктері туралы түсініктерін тереңдету. Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. Ұсынылған тақырыпқа әңгіме құрауға үйрету. Орыс тілі Тема: «Весна» Цель: Продолжать обогащать словарь детей лексическим материалом по теме, учить составлять короткий рассказ на русском языке по картине. Формировать умения рассказывать о весне. Упражнение детей в правильном произношении русских звуков. Упражнение детей в понимании и выполнении команд и просьб: встаньте, прыгайте, пожалуйста, хлопайте. Формирование навыков понимания и использования в речи слов и выражений. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Көркем өрнегі» Мақсаты: Балаларға көктем мезгілі туралы білім беру және оның ерекшеліктерімен таныстыру. Табиғатты сүйе тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Табиғат әлемінде» Мақсаты: Заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету. Екі топтағы заттарды салыстыруға жаттығу, заттар тобының тең және тең еместігі туралы түсініктерін дамыту. Таныс заттарды еніне қарай (кең, тар) салыстыру. Тіктөртбұрыш туралы білімін ұштау. Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғаттың көктемде оянуы» Мақсаты: Көктемдегі табиғат құбылыстарын бақылау дағдыларын кеңейту. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. Табиғатқа достық қарым-қатынасты және позитивті көзқарасты тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Көктемгі қала» Мақсаты: Көктемгі құбылыстарды қағаз бетіне түсіруді үйрету. Балаларды шығармашылыққа жауапкершілікке, әсемдікке тәрбиелеу. Кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын дамыту. Мүсіндеу Тақырыбы: «Әсем құс» Мақсаты: Балаларға құстың мүсінін, денесінің сопақ пішінін көрсетіп, ұсақ бөліктерін созып және шырпып: тұмсықты, құйрықты, қанаттарын жасауға үйрету. 1. Музыка Тақырыбы: «Көктем келді» (Б. Бейсенова.) Мақсаты: Балаларға көктем туралы түсінік беріп, музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білуді үйрету. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Гүлдер» биі 2. Музыка Тақырыбы: «Көктем келді» (Б. Бейсенова.) Мақсаты: Әнді қайталап, үйренген әндерді, билерді, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Меңгерген дағдыларды бекіту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Гүлдер» биі	
---------	------------------	---	--	--	--	--

Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

Сәуір айы, 2022 жыл

Мақсаты: Өртүрлі мамандықтар туралы білімдерін бекіту. Еңбек және оның маңыздылығы туралы білім беруді жалғастыру, мамандыққа қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу.

Міндеттері: Адамдарға барлық мамандық маңызды және қажет. Әр істе ең бастысы – білімді, шебер, еңбексүйгіш болу керек.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» - 2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	«Таным» - 2,5 Математика негіздері -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық» - 3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5 Музыка-1,5	«Әлеумет» - 0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	Көктемгі еңбек (бақта, бақшадағы еңбек, гүлдер)	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз бәріне үлгереміз» Мақсаты: Мұрынмен демалу аяқтарын жоғары көтермей, қолдарының еркін қимылдарымен жүгіру қарқынын бұзбай, жеңіл және ырғақпен жүгіру. Тордың үстінен доп лақтыруға жаттықтыру қолдың екпінді қимылымен алға -жоғары бағытта білуді дамыту. Қю: «Кім шапшаң?» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бақтағы талдарды отырғызу» Мақсаты: Гимнастикалық орындық бойымен екеуі екі жақтың ортасына дейін барып, қайтадан кейін бұрылып, жоғары тіреуіште тепе-теңдікте сақтауды үйрету. Мұрынмен демалу аяқтарын жоғары көтермей, қолдарының еркін қимылдарымен жүгіру қарқынын бұзбай, жеңіл және ырғақпен жүгіру. Қю: «Кішкене өзен арқылы» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тәтті тоқаштар» Мақсаты: Балаларға нан қандай еңбекпен келетіні туралы түсінік бере отырып, аяқтың ұшына тұра білу және аяқты түзу ұстап өкшемен жүруді орындау, табан сіңірлерін нығайта білуін бекіту. Гимнастикалық қабырғаның бірінен-екіншісіне оң жаққа қырындап өрмелеу.(3 көлденең салма бойынша). Қю: «Күн мен жаңбыр»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жаңа үйді кім тұрғызды?» Мақсаты: Балаларға көктемгі еңбек туралы әңгімелеу. Көктемгі еңбекке арналған құрал-жабдықтарды ажыратып атай білуге, олардың қажеттілігі мен қолданылуын түсініп еңбек, әрекетінде қолдана білуге үйрету. Таным белсенділігін арттыру. Сөздік қорын дамыту және дыбыстарды анық айтуға баулу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ағаштар неге ашуланды?» Авторы: Б. Сопакбаев Мақсаты: Балаларды Б.Сопакбаевтың «Ағаштар неге ашуланды?» әңгімесімен таныстыра отырып, ағаштар және олардың пайдасы туралы жан – жақты мәлімет беру, балалардың дүниетанымын кеңейту, табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	Математика негіздері. Тақырыбы: «Оларды біз қорғаймыз» Мақсаты: заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету. Екі топтағы заттарды салыстыруға жаттығу, заттар тобының тең және тең еместігі туралы түсініктерін дамыту. Таныс заттарды еніне қарай (кең, тар) салыстыру. Құрастыру Тақырыбы: «Ағаштар» Мақсаты: Балаларға шаршы қағаздарды қиғаш және тең екі бөлікке бүктеуді үйрету. Олардың қолданылуы туралы түсінік беру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, саусақтарының икемділіктерін арттыру, ағаштар туралы білімдерін толықтыру, ағаштарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Көктем келді, құс келді» Мақсаты: Құстарды ажыратып, атай білуді үйрету. Көктем келгенде құстардың өмірінде және мінез – құлығында болатын өзгерістерді көрсету. Оларға арнап ұя салып, қамқорлық көрсетуге құштарлығын тәрбиелеу,	Сурет салу Тақырыбы: «Алғашқы гүлдер» Мақсаты: Балаларды көктем жұмыстарымен таныстыру. Аулада үлкендермен бірге гүл отырғызу, суару, күтіп-баптау тәрізді еңбек түрлеріне тәрбиелеу. Қылқаламмен салуда қарапайым қозғалысты нақты бере білу, түстерді сезіну және араластыра білу дағдысын жетілдіру. Эстетикалық сезімін қалыптастыру, әдемілікке, әдептілікке тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Бәйшешек» Мақсаты: Балаларды көктем жұмыстарымен таныстыру. Аулада немесе бақшада үлкендермен бірге гүл отырғызу, суару, күтіп-баптау тәрізді еңбек түрлеріне тәрбиелеу. Сопакша пішіндерді қиып, бәйшешек гүлін құрастырып, жапсыруды үйрету. Ұсақ қол қимылдарын жетілдіріп, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Күнбағыс» (Ж. Мұхамеджанова.) Мақсаты : Балаларға көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеуді, әуенді естуді, сезінуді, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Гүлдер» біі	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Пияз отырғызу» Мақсаты: Пияздың әртүрлі болатындығы, өсуі, тұқымы туралы түсінік беру. Өсімдікті отырғызудың және себудің, күтіп – баптаудың жодарын көрсете отырып, өсімдіктерді өсіруге, оларды күтіп – баптауға талпындыру. Зерреу, тәжірибе жасау қорытындысын шығару.

II апта	Ас атасы нан	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Дәмді тағамдар» Мақсаты: Балаларға ұннан жасалатын тағамдар туралы түсініктерін молайту.Доптың үстінен жеңіл басып,еденге қайтара соғу,допты алақанын жайып қағып алуды үйрету.Үш заттың үстінен біртіндеп секіру.екпінді итеріліп және бүгілген аяқпен жеңіл жерге түсе білуін бекіту. Қж: Күн мен түн» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ас атасы нан» Мақсаты: Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. 5см биіктіктегі заттың үстінен секіруге үйрету. Доптың үстінен жеңіл басып,еденге қайтара соғу, допты алақанын жайып қағып алуды бекіту. Қж: «Допты қақпаға түсір» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Дәрігер» Мақсаты: Балаларға мамандық туралы айту. Жол тәртібін әңгімелей отырып,бағдаршамның түстері туралы түсінік беру. Шеңбер бойымен жүрумен жүгіруді кезектестіру. Допты күштеп жұмулы алақанмен соғып,допты қос қолмен қайтара соға білуді бекіту. Қж: "Бағдаршам"	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Масак» украин халық ертегісі Мақсаты: Балаларды оқылған шағын ертегі желісі бойынша ертегі мазмұнына айтып бере білуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің қимылын, дыбысын салдырып, кейіпкер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, жалқаулыққа бой алдырмауға баулу. Орыс тілі Тема: «Продукты питания» Цель: Продолжать обогащать словарь детей лексическим материалом по теме, учить отвечать на вопросы полным предложением, правильно употреблять глаголы и прилагательные. Совершенствовать звукопроизношение. Развивать словесно-логическое мышление, воображение, связную речь, умение согласовывать речь с движениями. Воспитывать у детей бережное отношение к продуктам питания. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын дән мен әтеш» (орыс халық ертегісін баяндау) Мақсаты: Кейіпкерлердің өзара сөйлесуін көркем түрде қолдану арқылы ертегінің ішкі сырын, айтылу керек ой – түйсінін, мән – мағынасын бұзбай, байланыстыра баяндай білуге үйретуді дамыту.	Математиканегіздері Тақырыбы: «Тәтті бөлкелер» Мақсаты: Үлгі бойынша санауға үйрету. Өзгеше орналасқан (шеңбер, сопақша) заттар тобын теңестіруді үйрету. Әртүрлі арақашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтау. Кеңістікте бағдарлауға үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Дастарханға нан қайдан келеді?» Мақсаты: Дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерін қалыптастыру, нан және оны пісіру туралы білімдерін кеңейту. Балалардың білімге құштарлығын, зерттеу әрекетіне ұмтылысын дамыту. Ересектердің еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Дәмді тоқаш» Мақсаты: Балаларға "Ас атасы нан" туралы түсінік беру. Нан бізге қайдан келді? түсіндіріп өту және үлкен еңбекпен келетіні туралы түсініктерін жалғастыру. Шығармашылықпен байланыстыра дөңгелек пішінде тоқаш суретін салуға үйрету. Асты қадірлей білуге құрметтеуге тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Бауырсақтар, тоқаштар, печенье» Мақсаты: Балаларға нанның адам үшін маңыздылығын түсіндіру. Нанның бидайдан жасалатыны туралы түсінік беру. Нанның маңыздылығын, оның дастарханға үлкен еңбекпен келетінін түсіндіру. Ой-қиялдарын дамыта отырып, қол икемділіктерін жетілдіру. Мүсіндеу тәсілдерін жетілдіруді жалғастыру, әдемілеу және толығырақ пішінді құру үшін бармақпен бағананың шетін дөңгелету және ұштау. 1.Музыка Тақырыбы: «Бауырсақ»(Ә. Бейсеуов.) Мақсаты: Балаларға нанның дастарханға қалай келетіндігін түсіндіріп, оған көптеген адамдар еңбек ететіндігін айтып, музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білуді үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Бәліш пісірейік» 2. Музыка Тақырыбы: «Бауырсақ» (Ә. Бейсеуов.) Мақсаты: Әнді қайталап, еске түсіріп, үйренген әндерді, билерді, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жұптасу» биі

III апта	Мамандықтың бәрі жақсы 1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Спортшы» Мақсаты: Балаларға мамандық туралы айту. Жоғарғы тіреуіште денесін тік ұстап,басын төмен түсірмей,нық тепе-теңдікті сақтап, қырындап жүруді орындауға үйрету. Көлденең бағытта қолдарын бір көлденең салмадан екінші көлденең салманы ұстап және оң жаққа қырындап жүріп гимнастикалық қабырғаның бірінен-екіншісіне өте білуді бекіту. Биіктігі 10см 3 заттың үстінен бірізділікте секіріп жаттықтыру. Қо: «Аңшылар мен қояндар» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аспзшы» Мақсаты: Балаларға мамандық туралы айту. Биіктігі 10см 3 заттың үстінен бірізділікте секіріп жаттықтыру. Допты күштеп жұмылы алақанмен соғып, допты қос қолмен қайтара соға білуді бекіту. Қо: «Өз түсінді тап» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз еңбекқор баламыз» Мақсаты: Балаларды еңбекке баулу. Артқа қарай қырындап жүруді айналумен үйлестіріп орындауға үйрету. Жоғарғы тіреуіште заттың үстінен аттп жүруде денені тік ұстап және тұрақты тепе-теңдікті сақтап жүруді бекіту. Гимнастикалық орындық бойымен ішпен қолдарымен екпінді қимылдарымен тартылып еңбектеуге жаттықтыру. Қо: «Секіру»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Мамандықтар туралы түсінік беру, әр түрлі мамандықтармен таныстыру. Есту зейінін жетілдіру, сөйлеуді нақышымен айқын сөйлеу, заттың атынан әрекеттер жасай білуге үйрету, қоршаған орта нысандарына деген танымдық қызығушылықты дамыту, адам еңбегінің қарапайым заңдылықтары мен тәуелділіктері туралы түсінуге, еңбектің қоршаған өмірдегі мағынасын түсінуге үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Биші» Авторы: О. Асқар Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп айтуға үйрету. Әр түрлі мамандыққа қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу. Еңбектің барлық түрлерін құрметтеуге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Мен өсемін» Мақсаты: Цифр мен санды сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру. Математикалық жұмбақтар шешу арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Заттардың орналасу ретін сөзбен баяндау, ұзындығы бойынша 5 заттың арасындағы сәйкестікті. Құрастыру Тақырыбы: «Көп қабатты үйлер» Мақсаты: Балаларды мамандықтың түрлеріне тоқталып соның ішінде құрылысшының қызметі туралы түсініктерін молайту. Көпқабатты үйлер мен ғимараттар туралы балалардың білімдерін кеңейтіп, педагогтың ұсынған шарты бойынша құрастыруға, құрылыс материалын таңдай отырып, көпқабатты үй құрастыра білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Аспазшы» Мақсаты: Балаларға мамандық түрлерімен таныстыра отырып, соның ішінде аспазшы мамандығы туралы түсінік беру. Аспазшыға керек заттарды ажырата білуге үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруға, сөйлеу қабілетін дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Тәрелкені әшекейлеу» Мақсаты: Балаларға дайын дөңгелек пішіннің жиегіне ирексуды субояқпен тәрелкені безендіру. Тазалыққа, әдемілікке тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Көлік» Мақсаты: Балаларға мамандық түрлерін таныстыруды жалғастыру, әр мамандықтың иесі болу керектігін түсіндіру, соның бірі көлік шығаратын орындарды айтып өту және бөлшектерді жарсырып және бірыңғай бейнені құрып, затты құрастыру дағдыларын дамыту. Ірі және ұсақ бөлшектерді орналастыруға және жапсыруға көмектесу. Музыка Тақырыбы: «Етікші» (Қ. Мырза Әлі, Д. Ботбаев) Мақсаты : Балаларға мамандық туралы түсіндіріп, өскенде кім болғысы келетіндіктерін сұрап, ән айтуға, музыкалық фразалардың арасында дем алу керектігін түсіндіру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Көңілді» би	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Кім боламын?» Мақсаты: Тәрбиеші, дәрігер, сатушы, аспаз мамандық иелерімен және олардың еңбегімен таныстыру. Олардың қызметтері мен міндеттерін және бір – бірімен байланысы туралы түсініктерін кеңейту. Оларға құрметпен қарауға тәрбиелеу.
----------	--	--	--	---	--

IV апта	Біз жас зерттеушілерміз	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз мықтымыз» Мақсаты: Орында бір аяқпен, тепе-теңдікті сақтап және бір аяқпен итерілуді екпінмен орындап секіруге үйрету. Бір аяқтың артына екінші аяқты қойып қойылған аяқтың өкшесін бұрмай, жәймен отыруды қырындап жүруден орындай білуді бекіту. Гимнастикалық қабырға бойымен кезектестірілген адыммен өрмелеуге жаттығу, шыдамдылықты дамыту. Қо: «Жұбынды тап» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз көңілді баламыз» Мақсаты: Гимнастикалық орындық бойымен ішпен қолдарымен екпінді қимылдарымен тартылып еңбектеуге жаттықтыру. Орында бір аяқпен, тепе-теңдікті сақтап және бір аяқпен итерілуді екпінмен орындап секіруге үйрету Қо: «Біз көңілді баламыз» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз тату балалармыз» Мақсаты: Балаларға достық мерекесі туралы тереңірек түсінік беру. Әр ұлт өкілдерінің ұлттық ойындарын ойната отырып достыққа баулу. Допты соғу күшін реттей отырып, қолдың бір қалыпты қимылымен допты еденге соғуға үйрету. Орында бір аяқпен секіруде табанмен түспей, итерілуде аяқтың ұшына сүйеніп орындай білуді бекіту. Орындық бойымен жүруде өзінің әрекетін басқаның әрекеттерімен үйлестіре білуге үйрету. Қо: «Белгіні тыңда»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Су – сұйық, сондықтан ағады» Мақсаты: Судың әр түрлі күйде түрлерімен таныструды жалғастыру. Тәжірибие жасау барысында бақылағыштық дағдыларын жетілдіру. Бірлесіп жасауда өзара сыйластыққа, түсіністікте тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Части тела» Цель: Продолжать учить выполнять действия по словесной инструкции, учить детей отвечать на вопросы полным предложением и использовать в речи придаточные предложения, обогащать словарный запас словами, обозначающими части тела и культурно-гигиенические навыки. Закрепить умение называть членов семьи на русском языке. Формирование навыков понимания и использования в речи русских слов и выражений. Развивать внимание, словесно-логическое мышление. Воспитывать культурно-гигиенические навыки. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Көйлекті маған кім берді?» әңгімесі Авторы: С.Мұхамедиев (көркем әдебиет хрест. 131 бет) Мақсаты: Әңгімені оқи отырып, балаларға киіп жүрген көйлектердің қайдан және қалай тоқылып шығатындығы туралы мағлұмат беру.	Математика негіздері Тақырыбы: «Кұстың ұясы» Мақсаты: 5 саны заттарды санау қабілеттерін нағайту. Нүктелер қосу арқылы 5 цифрын салып үйренуге, заттың орналасқан орнын сөзбен айтып үйренуге. (сол жақта, оң жақта, алдында, артында) үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жылы-жылы жел соқты» Мақсаты: табиғат құбылыстары, оның ішінде жел туралы, желдің пайда болу себептері, тірі организмдердің, оның ішінде адамның да өміріндегі рөлі туралы түсініктерін қалыптастыру. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту.	Сурет салу Тақырыбы: «Түрлі-түсті үшбұрыштар» Мақсаты: Үшбұрышты заттарды ажырата білуді үйрету, кеңістікті, түстерді сезіне білуді, шығармашылық қабілеттерін, ой – қиялын дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл – қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру. Ұқыптылыққа, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Түрлі – түсті пирамида» Мақсаты: Пирамида туралы түсінік беру, түстерді дұрыс ажыратуға үйрету, шығыршық дөңгелектер жасауды үйрету. Ұқыпты және таза жұмыс істеуге дағдыландыру. 1. Музыка Тақырыбы: «Апам үшін» (Қ. Мырзалиев, И. Исаев) Мақсаты: Балаларға көмекші құралдар туралы түсіндіріп, қажетті құралдар туралы айтып, музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білуді үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Көңілді полька» би 2. Музыка Тақырыбы: «Апам үшін» (Қ. Мырзалиев, И. Исаев) Мақсаты: Әнді қайталап, еске түсіріп, музыкалық динамикалық түрлерін ажыратып, түрлі жанрлар түсініктерін дамыту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Көңілді полька» би	
---------	-------------------------	--	---	--	---	--

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

Мамыр айы, 2022 жыл

Мақсаты: Балаларды Қазақстан Республикасының әртүрлі мерекелерімен таныстыруды жалғастыру. Тілдерін дамыта отырып, жақсы көңіл – күй сылау.

Міндеттері: Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді, жақын адамдарына сүйіспеншілікті, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өзінің туған қаласына, өз еліне құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеуге ықпал етеді.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» - 2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	«Таным» - 2,5 Математика негіздері -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық» - 3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5 Музыка-1,5	«Әлеумет» - 0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	Достық біздің тірегіміз.	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз көңілді балалармыз» Мақсаты: Әр ұлт өкілдерінің ұлттық ойындарын ойната отырып достыққа баулу.Көлбеу сатыға қалыпты жағдайда көлденең салмадан ұстанып,қолмен аяқтың қимылдарын үйлестіріп гимнастикалық қабырға шығу және одан түсу.Допты еденге жұдырығын түйіп,күшпен соқпай,қолдың қалыпты қимылымен соға білуді бекіту. Қо: «Мысықпен тышқандар» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тату балалар» Мақсаты: Орындық бойымен жүруде өзінің әрекетін басқаның әрекеттерімен үйлестіре білуге үйрету. Орында бір аяқпен секіруде табанмен түспей, итерілуде аяқтың ұшына сүйеніп орындай білуді бекіту. Қо: «Құрсауды дөңгелет» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз отан қорғаушымыз» Мақсаты: Көлденең бөренеге тұрақты тепе-теңдікті сақтап,бөрене бойымен аяқтың ұшымен жүру. Көлбеу саты бойымен екі жақтағы брусъяны ұстап: 4саусақпен астынан, үлкенімен үстінен ,көлденең бағытта бір салмадан екінші салманы ұстап өрмелей білуін бекіту. Бір қолмен допты еденге соғып жаттықтыру. Қо: «Біз көңілді балалармыз»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Достығымыз жарасқан» Мақсаты: Балаларды тату, бауырмашыл болып өсуге үйрету. Үлкенді құрметтеуге тәрбиелеу, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Өзара татулық сезімдерін дамыту, достықты қадірлей білуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Адал дос» әңгіме Мақсаты: Балаларға адал дос туралы түсінік беру, адалдық қасиеттерін дамыту. Достық қарым – қатынасқа тәрбиелеу, сөздік қорын байыту.	Математика негіздері Тақырыбы: «Бір шаңырақ астында» Мақсаты: Үлгі бойынша санауға үйрету. Өзгеше орналасқан (шеңбер, сопақша) заттар тобын теңістіруді үйрету. Әртүрлі арақашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең емес еместігін анықтау. Кеңістікті бағдарлауға үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Жалаушалар» (қағаздан) Мақсаты: Көпұлтты еліміздің халқы мен олардың мәдениетімен таныстыру. Балаларға қағаз парағын бұрыштар мен шеттерін біріктіре отырып, қақ ортасынан бүктеуге үйретуді жалғастыру. Балалардың көз мөлшерін, ұқыптылығын дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Көпұлтты Қазақстан» Мақсаты: Қазақстан Республикасы туралы, әртүрлі ұлт өкілдері туралы ұғымдарын фотосуреттерді, халық өмірі туралы картиналарды, ұлттық сәндік өнер бойынша альбомдарды, тұрмыстық заттар мен ұлттық стильде жасалған киімдерді пайдалана отырып қалыптастыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Түрлі түсті шарлар» Мақсаты: Балаларды халықтар достығы туралы түсініктерін одан әрі жалғастыру, арқылы шығармашылықпен байланыстырып, балаларға сурет салуды үйрету, пішіндерді атап, ажырата білуге, есте сақтау қабілетін дамыту, түстерді атай білуге үйрету. Жоғарыдан төмен қарай сызу арқылы суретін салуды, қылқаламмен жұмыс жасауды үйрету, көрсету. Достыққа тәрбиелеу, әдемілікке, әдептілікке тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Әсем жалаулар» Мақсаты: Балаларды халықтар достығы туралы түсініктерін одан әрі жалғастыру, балаларды қайшымен жұмыс істеудің ережелерімен таныстыру, дұрыс ұстауға, жолақты тең бөліктерге кескенде дөңгелектерін қысу және босату. Мұқият жапсырудың тәсілдерін, суреттің түсі бойынша кезектестіру. Музыка Тақырыбы: «Достық» (И. Нүсіпбаев, Е. Елубаев) Мақсаты : Балаларға біздің көп ұлтты мемлекет екенімізді айта отырып, балаларды татулыққа, достыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл –күйді көтеруге тарту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қазақ» биі	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Достық мерекесі» Мақсаты: Көпұлтты еліміздің халқы мен олардың мәдениетімен таныстыру. Қазақстан халықтарының бірлігі мен достығы туралы түсінік беру, елімізді мекендейтін басқа ұлт өкілдеріне сыйластықпен, салт – дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

II апта	Отан қорғаушылар	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Отаным Қазақстан» Мақсаты: Балаларды Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікке баулу. Достыққа тәрбиелеу. Жұппен жеңіл және ырғақты жүгіруге,өзінің адымын басқаның адымымен үйлестіруді үйрету. Бөренеге тұрақты тепе-теңдікті сақтап және денені тік ұстап солға оңға қырындап жүре білуді бекіту.Ұсақ заттарды алдыға алысқа лақтыруды жаттықтыру. Қю: «Асық кімде « 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шегарашы» Мақсаты: Балаларға өз Отанымызды қорғауға тәрбиелеу Шеңбер бойымен жұппен жеңіл және ырғақты жүгіруге, өзінің адымын басқаның адымымен үйлестіруді үйрету. Музыкалық ырғақтарға сәйкес қимыл қозғалыстарын өзгерте білуін дамыту. Қю: «Кім епті?» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Өрмекші» Мақсаты: Балаларға жәндіктер туралы кеңінен түсінік беру. Секіртпені білекпен және иықпен айналдыруға, денені тік ұстауға,аятың ұшымен секіру, секіртпені айналдыру мен секіртпені үйлестіруге үйрету. Жұппен жүріс қарқынын және ырғағын үйлестіру, қимылының бағытын сақтау,жүру мен жүгіруді кезектестіре білуді бекіту. Тұрақты тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. Қю: «Өзіңе жұп ізде»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Кім әскерде қызмет етеді?» Авторы: І.Мәмбетов Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрастыруға, сөздерді көпше және жекеше түрде дұрыс айтуға үйрету, отансүйгіштікке тәрбиелеу, тіл байлықтарын дамыту. Орыс тілі Тема: «Защитники отечества» Цель: Дать детям знания об армии, сформировать у них первые представления о родах войск, о защитниках Отечества. Обогащать словарный запас с помощью новых существительных и прилагательных: парашютист, танкист, лётчик. Развитие связной речи и умения правильно ставить ударение в словах при произношении. Воспитывать чувство гордости за свою армию, вызвать желание быть похожими на сильных, смелых воинов, любовь к Родине, к родным людям, воспитывать доброту, умение дружить. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Отан» өлеңі Авторы: Е.Өтетілеуұлы Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға, тыңдап, түсінуге, білуге үйрету. Өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Бейбітшілік таңы» Мақсаты: Цифрды заттың санымен сәйкестіруді үйрету. Кеңестік қарым -қатынасты туралы түсініктерін қалыптастыру (сол жақта, оң жақта, үстінде, алдында, ортасында) геометриялық фигуралар туралы білімдерін толықтыру; жыл мезгілдері туралы өткенді пысықтау; Жаратылыстану Тақырыбы: «Ел қорғауға әзірміз» Мақсаты: Еліміздің әскер, батыр, ел қорғайтын ержүрек жауынгерлері, танкішілер, ұшқыштар, теңізшілер туралы түсінік беру. Өзіне, өз күшіне сенімін нығайтып, өзіне құрметі мен дербестігін дамыту.	Сурет салу Тақырыбы: «Отшашу» Мақсаты: Балаларға жеңіс мерекесі туралы түсінік беру, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізе білу. Отшашу суретін салу, шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды патриоттық сезімге, шынайылық, қайсарлық, ептілікке тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Ұшақтар самғайды» Мақсаты: Балалардың Отан туралы білімдерін кеңейтіп, Отан жалғыз, оның әлемдегі ең қымбат дүние екендігін түсіндіру. Өз Отанына деген мақтаныш сезіміне тәрбиелеу. Отан қорғаушылардың ерен еңбектерін айта отырып, ұшақты мүсіндеуді үйрету. 1.Музыка Тақырыбы: «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев, М.Әлімбаев) Мақсаты: Балаларды Отансүйгіштікке тәрбиелеп, ардагерлер туралы айту. Өн арқылы қуана білуге үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Катюша» биі 2. Музыка Тақырыбы: «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев, М.Әлімбаев) Мақсаты: Өнді қайталап, еске түсіріп, музыкалық динамикалық түрлерін ажыратып, түрлі жанрлар түсініктерін дамыту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Катюша» биі	
---------	------------------	---	--	--	--	--

III апта	Шөпте не жорғалайды? (Жәндіктер) 1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қоңыздар» Мақсаты: Балаларға жәндіктер туралы кеңінен түсінік беру. Допты көлденең нысанаға қолды екпінмен жазып лақтыруға үйрету,көз мөлшерін дамыту. Қысқа секіртпенің үстінен ырғақпен секіріп,алғашында аяқтың басына түсіп,содан кейін өкшесіне түсе білуін бекіту. Қо: «Кеті кетті орамал» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құрттар» Мақсаты: Балаларға жәндіктер туралы кеңінен түсінік беру. Жүппен жүріс қарқынын және ырғағын үйлестіру,қимылының бағытын сақтау, жүру мен жүгіруді кезектестіре білуді бекіту. Тұрақты тепе-тендікті сақтауға жаттықтыру. Қысқа секіртпенің үстінен ырғақпен секіріп, алғашында аяқтың басына түсіп,содан кейін өкшесіне түсе білуін бекіту. Қо: «Бәйге» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жайдарлы жаз» Мақсаты: Балалардың жаз мезгілі туралы түсініктерін молайту. Допты тік нысанаға қолды екпінмен жазып лақтыруға, тоқтаусыз сермеумен лақтыруды орындауға үйрету,көз мөлшерін дамыту. Алақан мен тізеге сүйеніп еңбектеу, өзінің әрекетін бақылау, арқасын тік ұстауды сақтау. Қо: «Күлатып алмай алып кет»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Еңбекқор жәндіктер» Мақсаты: Табиғаттағы тіршіліктің оянуын, жәндіктердің тіршілігі, олардың атауы, пайдасы мен зияны туралы түсініктер беру. Еңбекқор жәндіктермен таныстыру. Балалардың сөздік қорларын байыту. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Құмырсқа мен көгершін» әңгіме Мақсаты: Әңгіменің мазмұнын түсіну. Сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларын жеткізе білу. Жақсылық жасауға тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Бақалар» Мақсаты: Санды реттік, сандық санауды және оны айыра алу дағдысын қалыптастыру. Қанша? Нешінші? сұрақтарына дұрыс жауап беріп, қағаз бетіне бағдарлауға үйрету. Заттарды ұзындығына сәйкестендіруге, ұзын қысқа ұғымын қалыптастыру. Құрастыру Тақырыбы: «Қаңқыз» (бөтелкенің қақпағынан) Мақсаты: Балалардың жәндіктер туралы білімдерін толықтыру, қаңқыз жайлы мағлұмат беру, қалдық материалдарымен қолдана отырып, қаңқызды жасау жолдарын үйрету, балаларды ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ғажайып жәндіктер әлемі» Мақсаты: Жәндіктердің кейбір түрлері (көбелек, шыбын, қоңыз, қаңқыз, құмырсқа, инелік) туралы түсніктерін қалыптастыру. Ой белсенділігін бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. Жанды табиғатқа қызығушылығын тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Құрттар» Мақсаты: Балаларға жәндіктер және бауырмен жорғалаушылар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Сурет салу арқылы осы құрттардың пішіндерін келтіре, түрлі-түсті бояулармен құрттардың суреттерін салуға үйрету. Балаларды тапқырлыққа, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Құрт» Мақсаты: Балаларға жәндіктер және бауырмен жорғалаушылар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Жапсырма арқылы осы құрттардың пішіндерін келтіре, түрлі-түсті қағаздардан құрттардың суреттерін қиып, жапсыру үйрету. Балаларды тапқырлыққа, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Көбелек» (К. Қуатбаев, Ж. Смақов) Мақсаты : Балаларға көбелек туралы айта отырып, ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылықтарын дамыту. Көңілді әуен арқылы көңіл –күйді көтеруге тарту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қосарланып» билеу	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Көбелек және инелік» Мақсаты: Балаларды көбелек және инелікпен таныстыру. Олардың айырмашылығын байқап, айтуға үйрету. Көбелектің қалай пайда болатындығын көрсету. Жәндіктердің тіршілігіне қызығушылығын тудыру, оларға қамқорлықпен қарап, қорғауға тәрбиелеу.
-----------------	---	--	--	--	--

IV апта	Көңілді жаз	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жайдарлы жаз» Мақсаты: Балалардың жаз мезгілі туралы түсініктерін молайту. Допты тік нысанаға қолды екпінмен жазып лақтыруға, тоқтаусыз сермеумен лақтыруды орындауға үйрету, көз мөлшерін дамыту. Алақан мен тізеге сүйеніп еңбектеу, өзінің әрекетін бақылау, арқасын тік ұстауды сақтау. Қю: «Құлатып алмай алып кет» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кел ойнайық балақай» Мақсаты: Балалардың жаз мезгілі туралы түсініктерін молайту. Қабырғаға доп лақтыру, лақтыру күшімен қабырғаға соғылған допты ұстау мүмкіндігінің өлшемін салыстыруға үйрету. Төрттағанда еңбектеу, қимыл бағытын сақтай білуді бекіту. Шектелген жазықтық бойымен допты домалатуға жаттықтыру. Қю: «Балапандар» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді жаз» Мақсаты: Балалардың жаз мезгілі туралы түсініктерін молайту. Алақан мен тізеге сүйеніп еңбектеу, өзінің әрекетін бақылау, арқасын тік ұстауды сақтау. Шектелген жазықтық бойымен допты домалатуға жаттықтыру. Қю: «Көбелек тер»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жайдарлы жаз» Мақсаты: Балаларға жаз мезгілінің ерешеліктерімен таныстыра отырып, жаз туралы тақпақ, өлең нақышына келтіре айтуды үйрету. Сөздік қорларын байыту. Орыс тілі Тема: «В стране насекомых» Цель: Расширять и закреплять знания детей о насекомых, вводить в активный словарь детей обобщающее понятие «насекомые». Продолжать упражнять в составлении предложений разных конструкций с использованием союза потому что. Продолжать учить составлять небольшой рассказ по серии картин. Воспитывать доброе отношение к маленьким соседям по планете. Активизировать, обогащать словарный запас детей по теме. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жайлауда» өлеңі Авторы: Н. Жанаев Мақсаты: Өлең желісі бойынша сұрақтарға жауап беру. Өлеңді жатқа айтуға үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.	Математика негіздері Тақырыбы: «Жаз кереметтері» Мақсаты: 5 көлемінде санау қабілеттерін арттыру. Цифрді заттың санымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру. Қанша? Нешінші? сұрақтарына дұрыс жауап беріп, қағаз бетіне бағдарлауға үйрету. Заттарды ұзындығына сәйкестендіруге, үлкен кіші ұғымын қалыптастыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қош келдің Жаз!» Мақсаты: жазға уақытта болатын маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру. Құрдастарымен ересектермен еркін қарым қатынас барысында танымдық зерттеушілік іс әрекет дағдыларын дамыту. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Табиғат аясында» Мақсаты: Көрініс, көкжиек, кеңістік туралы түсініктерін бекіту. Жыл бойындағы жұмыстарының нәтижесіне баға беру. Өз ойларынан сурет салуда белсенділігін арттыру. Іскерлікке тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Түрлі түсті доптар» Мақсаты: Табиғаттың әдемі көрінісі, жасыл әлем құпиясы туралы эстетикалық талғамдарын қалыптастырып туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Жаз мезгілінің ерекшеліктеріне тоқталып, жаз мезгілінің ойындарына тоқталу. Балаланың шығармашылығын дамыту барысында ермексаздан созу тәсілімен түрлі түсті доптарды мүсіндеуді менгерту. 1. Музыка Тақырыбы: «Жаз» (А. Досмағамбет.) Мақсаты: Балаларға жаз мезгілінің жарқын көңіл-күйімен қуану, шаттану, ойнауға қызығушылықтарын дамыту. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Полька» биі 2. Музыка Тақырыбы: «Жаз» (А. Досмағамбет.) Мақсаты: Әнді қайталап, еске түсіріп, музыкалық динамикалық түрлерін ажыратып, түрлі жанрлар түсініктерін дамыту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Полька» биі	
---------	-------------	---	---	--	---	--